AIQYN

СЕЙСЕНБІ
№18 (4070)
8.02.2022

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мемлекет басшысы Еуропа Одағының Орталық Азия жөніндегі арнаулы өкілі Тери Хакаланы қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропа Одағымен арадағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға баса мән беретінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропалық кеңестің президенті Шарль Мишельге 10 қаңтардағы бейнебайланыс режимінде өткен кездесу барысында еліміздің қолдап сөйлегені және ынтымақтастықты нығайтуға нық сенім білдіргені үшін ризашылығын айтып, сәлемін жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тери Хакаланың өтініші бойынша «қасіретті қаңтар» оқиғасы жөнінде айтып берді. Сондай-ақ Бас прокуратураға болған оқиғаға қатысты тергеу жұмыстарын ашық әрі әділ жүргізу жөнінде тапсырма берілгенін мәлімдеді. Мемлекет басшысы адам құқықтары мен бостандығының сақталуы еліміздегі барлық билік тармағы үшін басымдық саналатынына назар аударды.

Қазақстан Президенті саяси жүйені одан әрі жаңғыртуға және әлеуметтік теңсіздікті сәйкестендіруге, ұлттық экономиканы әртараптандыруға бағытталған Жаңа экономикалық бағдарды іске асыру жоспары жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа одағымен ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша тығыз байланыстарды дамытуға және бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды толыққанды жүзеге асыруға ниетті екенін нақтылады.

Өз кезегінде Тери Хакала Брюссельдің Қазақстанмен арадағы байланыстарды дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Еуропалық дипломат Президентке мазмұнды әрі пайдалы пікір алмасқаны үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ Еуропа Одағы Президенттің саяси реформаларын толық қолдайтынын және еліміздің өркендеуіне, тұрақтылығына мүдделі екенін айтты.

Президент Асхат Ораловты қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев «Nur Otan» партиясының Атқарушы хатшысы Асхат Ораловты қабылдады. Кездесу барысында Президент «Nur Otan» партиясын жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды.

Партия Төрағасының айтуынша, ел азаматтарының талап-тілектеріне толық жауап беруі үшін партияны жүйелі түрде қайта құру қажет. Сондай-ақ партия заманауи сын-қатерлерге төтеп беруге және жедел әрекет етуге тиіс.

Мемлекет басшысына партияның жұмысын қайта құру жоспары жөнінде мәлімет берілді. Асхат Ораловтың айтуынша, саяси ұйымның Орталық аппараты Мәжілістегі фракциямен бірлесе отырып, партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған Жол карталарының жүзеге асырылуы бойынша жүйелі талдау жүргізіліп жатқанын баяндады.

Олигархтардан қанша миллиард өндіріледі?

Экономикалық қауіпсіздікті нығайту мәселесі көкейкесті болып тұр. Қазақстанның сыртқы қарызы артуда. Бюджеттің бүйірі ортайды. Ел болашақ ұрпақ үшін сақталуға тиіс Ұлттық қорды қарқынды шығындап жатыр. Парадокс жағдай қалыптасты: әлемде соңғы жылдары шикізат бағасы күрт өскен, ал одан ел қазынасына түсетін салық өспеген. Себебі экономиканың әр саласын астына басқан олигополия аз салық төлейді.

3 ▸▸

Технарға зәру бұл қоғам

Заман өзгерген сайын адамның сұранысы да құбылып отырады. Сол секілді мамандықтар да өзгеріп жатыр. Бірі жойылып, енді бірі жаңадан пайда болды. Мәселен, индустриялық бағдарламаны жүзеге асыра бастаған тұста елімізде инженерлер ең құрметті мамандық саналған. Қаржы дағдарысына дейін мұнайдың бағасы жоғары болған кезде мұнай-газ саласы мен жалпы экономикаға, бизнеске бет бұрғандар көбейді. Енді индустриялық-инновациялық бағдарламалар жайлаған тұста технологияның тілін меңгергендерге зәру болдық. Бірақ бұл саладағы білікті мамандарымыз көп пе, жастарды қай бағытта оқытқан жөн?

4 ▸▸

Президент наурыз айында Үндеу жариялайды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтар күні өткен Мәжіліс отырысында азаматтық қоғаммен және сарапшылармен арадағы диалог негізінде саяси реформалардың жаңа топтамасы әзірленеді деп мәлімдеген болатын.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы наурыз айының ортасында халыққа Үндеу жариялауды жоспарлап отыр. Бұл үндеуде реформалардың негізгі бағыттары мен қоғамды саяси трансформациялауға бағытталған аса маңызды шаралар айқындалады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді

Бүгін 8 ақпанда Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды. Жиын барысында еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есеп беріледі және Үкіметтің 2022 жылға арналған іс-қимыл жоспары қарастырылады.

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы аса көрнекті қаламгер, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің дүниеден өтуіне байланысты марқұмның жақындары мен туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхатта Әбдіжәміл Кәрімұлының сұрапыл соғысты бастан кешкенін, елге оралған соң қазақ әдебиетін өркендетуге сүбелі үлес қосқанын атап өтті.

– Ұзақ жылғы шығармашылық қызметі жемісті болды. «Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» дилогиясы сияқты туындылары сыншылар мен оқырмандар тарапынан жоғары бағасын алды. Заман жүгін көтерген романдары әлемнің көптеген тіліне аударылды. Әбдіжәміл Кәрімұлының жаңа белесті бағындырған қазақ әдебиетін шетелге танытуға сіңірген еңбегі орасан зор. Өмір бойы қолынан қаламы түскен жоқ. Қазақ елінің рухани-мәдени саласын дамыту жолында өлшеусіз қызмет атқарды. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына әдеби мол мұра қалдырған Әбдіжәміл Кәрімұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Халқымыз есімін әрдайым ардақ тұтады.

Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, – делінген Президенттің жеделхатында.

Жүргізуші куәлігі сатыла ма?

Қазақстанда жүргізуші куәлігін сатып алу тоқтауы керек. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Әділ Қожықов былтыр осылай уәде еткен. Жауаптылар жыл сайын курсанттарға қойылатын талапты күшейтіп, емтихан тапсыруды қиындата түсті. Бірақ бұл жүргізуші куәлігінің сатылуына тоқтам болудың орнына, сол «бармақ басты, көз қысты» «қызметтің» қымбаттауына себеп болып отыр. Ал егер емтиханды жеңілдетсек ше? Онда жүргізуші куәлігі көрінгеннің қолында кетуі мүмкін. Бірақ қазіргі жағдай одан да қауіпті. Автомектепке бармаған, қарапайым ережелерден бейхабар жандар да ақшасын беріп, куәлікке әп-сәтте қол жеткізіп жатқан жоқ па?

1 САҒАТТА ЖАСАП БЕРЕДІ

Жүргізуші куәлігінің бағасы әр қалада әртүрлі. 2 Гис қосымшасында мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығы жайлы деректерді іздеп отырып, орталыққа жазылған пікірлерді көзіміз шалды. Емтихан тапсыра алмағандар мен сәтті тапсырып шыққандар ой-пікірлерін бөлісіпті. Арасында «көмек керек болса, жазыңыз» деп әлеуметтік желідегі парақшаларын жазып қалдырғандар да табылды. Бір-екеуіне қоңырау шалып, «көлік жүргізуші куәлігін қалай алсам болады?» деген сұраққа төмендегідей жауап алдық.

«Астанада 200-250 мың теңгенің шамасында. Қазір қымбаттаған. 2019 жылы әкеме 80 мың теңгеге жасап берген. Астанада алу қиын, Алматыда 150 мың теңгеге жасатуға болады. Бірақ басқа қалада тұрсаң, Алматыға 1 аптаға келу керек. Тестке кіресің, өздері өткізіп жібереді. Тест тапсырғаныңды растау үшін камераға түссең болды» деген елордалық Жазира өзінің сенімді танысы барын айтып сендірді.

(Жалғасы 5-бетте)

Қызылжарлықтар жылуға мұқтаж

Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласын жылумен қамтамасыз ететін №2 жылу-электр орталығының құрал-жабдығы қаусап тұр. Соның салдарынан соңғы екі жыл бойы кәсіпорын апаттан көз ашпай отыр. Әсіресе, биылғы қыс басталғалы қызылжарлықтар дірдеңдеп отыруға мәжбүр. Жылыту маусымы басталғалы 3-4 рет рет апат салдарынан қала жылусыз, ыстық сусыз және жарықсыз қалды. Тіпті, әлеуметтік нысандар да дұрыс жылытылмайды.

7 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Отырыстың күн тәртібі бекіді

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата бюросының отырысы өтті. Онда 2022 жылдың 10 ақпанында өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді.

Соған сәйкес, алдағы отырыста Сенат депутаты Ләззат Қалтаеваның ант беруі және оны Сенаттың тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы мәселелер қаралады.

Сонымен қатар Сенат отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын қарайды. Бұл құжат аталған екі ел үкіметтерінің автоматты ақпарат алмасу үшін тиімді инфрақұрылымды пайдалана отырып, салық салу мәселелерінде өзара жәрдемдесуі арқылы халықаралық салық тәртібін жетілдіруді көздейді.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заң жобалары жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

А. СҰЛТАН

Қазақстан қалалары тым ластанған

Қалалардың ластануы бойынша ең нашар елдер рейтингінде Қазақстан 115 елдің ішінде 33-орынға шықты. Ал қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар бір жылда бар-жоғы 4 пайызға өскен. Energyprom.kz мониторинг агенттігі ұсынған дерекке сенсек, Қазақстанда ластану индексі – 73,4. Индекс неғұрлым үлкен болған сайын, жағдай соғұрлым нашар болады.

Ластанған елдер қатарына Камерун, Моңғолия және Мьянма кірген. Финляндияда ластану индексі 12,1, бұл – әлемдегі ең жақсы көрсеткіш. Рейтингке қатысатын ТМД елдерінің ішінде Қазақстанға қарағанда Әзербайжанда ғана жағдай нашар. Ал Молдова, Украина, Ресей, Армения және Беларусьте көрсеткіш бізге қарағанда жақсы.

Былтырғы қорытынды бойынша, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған күрделі инвестициялар 4,3 пайызға, яғни 163,9 миллиард теңгеге дейін өскен. Өңірлік бөліністе сектордағы күрделі инвестициялардың ең көп көлемі Жамбыл облысына бөлінген (52,8 миллиард теңге). Көшбасшы өңірлер үштігіне Нұр-Сұлтан (26 миллиард теңге, жылына 7 есе өскен) және Ақтөбе облысы (19,8 миллиард теңге, 2 есе өскен) кірді. Топ-5 өңірге Атырау және Шығыс Қазақстан облысы енген. Ең сорақысы, Солтүстік Қазақстан облысында былтыр бұл салаға мүлде инвестиция құйылмаған екен.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

L-Capital ісіне нүкте қойылды

300 адамның 260 миллион теңгесін жымқырған L-Capital компаниясына қатысты қылмыстық іс тергеліп бітті. ҚР ІІМ Тергеу департаментінің басшысы Санжар Әділовтің мәліметінше, істі полиция қызметкерлері мен арнайы прокурорлар қызметі бірлесіп қараған.

Осылайша, салымшыларды бағалы қағаздарға инвестиция құюға шақырған компанияның әрекетіне толықтай құқықтық баға берілген.

Айта кету керек, өткен жылы Алматы полициясы L-Capital компаниясынан зардап шеккен салымшыларға жүгінген еді. Ресми мәлімет бойынша, елімізде 30 мыңнан астам адам қаржы пирамидасының құрбаны болған.

Ш.КҮЗЕКБАЙ

Білім беруде ТМД елдерінің соңында қалдық

US News & World Report нұсқасы бойынша білім беру саласындағы үздік елдер рейтингінде Қазақстан 78 ел ішінде 71-орында тұр. Бұл тұста Ranking.kz сарапшылары білім беру саласындағы жұмыспен қамту деңгейін және мұғалімдердің жалақыларын салыстырып, талдау жасаған.

Рейтинг көшбасшылары АҚШ, Ұлыбритания мен Германия болды, Гватемала – ең соңғы орында. Рейтингке қатысатын ТМД елдері ішінде Қазақстан тек Өзбекстаннан озған. Ресей, Украина, Беларусь және Әзербайжан алдымызға түсті.

2021 жылдың төртінші тоқсанында білім беру саласы қызметкерлерінің орташа жалақысы 219,2 мың теңге болғанын білеміз. Негізі, Қазақстанда орташа айлық 275,6 мың теңгеге жетті, яғни білім беру саласына қарағанда 25,7 пайызға артық. Сектордағы ең жоғары жалақыны жоғары оқу орны қызметкерлері (299 мың теңге), ең төмен жалақыны мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметкерлері (112,6 мың теңге) алады екен.

Өңірлер бойынша ең көп жалақы алатын елордадағы қызметкерлер – 344,5 мың теңге. Үштікке Алматы қаласы (265,4 мың теңге) мен Алматы облысы (247,4 мың теңге) кірді. Батыс Қазақстан облысында білім беру саласы қызметкерлерінің жалақысы аз, 181,7 мың теңге алады.

Салада 1,1 миллион адам жұмыс істейді. Жұмыспен қамтылғандардың көпшілігі Түркістан облысында – 142,9 мың адам. Ең азы Солтүстік Қазақстан облысында тіркелді – 35,2 мың адам.

М.ХАҚНАЗАР

Екі өңірде браконьерлер ұсталды

Шығыс Қазақстан облысының 3 ауданында браконьерлікпен айналысқан бірнеше топ қолға түсті. Олардан мылтық және тегіс ұңғылы қару тәркіленген.

Әуелі Бесқарағай ауданында 4 ер адам ұсталды. Олардың көлігінен еліктің төрт ұшасы, екі мылтық, пышақ, оқ-дәрі табылған. Бұдан соң тәртіп сақшылары Тарбағатай ауданында мылтықпен жабайы қабан атқан 53 жастағы тұрғынды, Бородулиха ауданында елік атқан екі адамды қолға түсірді. Олардан да заттай айғақтар мен қару-жарақ шыққан. Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті күдіктілерге қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастады.

Қарағанды облысында да браконьерлік өршіп тұр. Таяуда полицейлер Қызыл кітапқа енген жануардың 844 мүйізін тапқан. 5 ақпанда Жаңаарқа кентінде жүргізілген жедел іс-шаралар кезінде 29 жастағы азаматтың автокөлігінен 844 дана мүйіз тәркіленген. Автокөліктің жүргізушісі уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазір жүргізушінің тағы екі сыбайласы ұсталған. Облыстық Полиция департаментінің бастығы Ерлан Файзуллиннің айтуынша, аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 339-1-бабына сәйкес «Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысуы» бойынша қылмыстық іс қозғалып жатыр. Аталған баптың санкциясына байланысты қылмыскердің мүлкін тәркілеп, үш жылдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

Былтыр да дәл осы Жаңаарқа ауданында киік мүйізін сатумен айналысқан тұрақты топ ұсталып, 274 дана мүйіз тәркіленген болатын. Сот шешімімен олардың бірі 4,5 жылға қамалып, қалған үшеуі 3,5 жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды.

М.ТӨЛЕУ

Санда да, санатта да жоқ

Білім және ғылым министрлігі жүргізген тексеру кезінде университеттерде сабаққа бармастан студент ретінде тіркелген 10 мыңға жуық азамат анықталып, олар оқудан шығарылды. Бір қызығы, жоғары оқу орнында олардың құжаттары болмаған. Бұл туралы министр Асхат Аймағамбетов мәлім етті.

Ведомство басшысының мәліметінше, өткен жылы білім сапасы төмен 15 жоғары оқу орны жұмысын тоқтатқан. Сондай-ақ білім беру сапасы нашар 65 университет пен 30 колледждің лицензиялары кері қайтарылды. 100 мыңнан астам студент басқа жоғары оқу орнына ауыстырылды.

Ш.АТЫХАНҰЛЫ

Сапалы жолдардың үлесі 87 пайызға жетті

«Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, өңір басшысы Өмірзақ Шөкеев облыс экономикасы мен туризмі үшін жолдардың сапасы өте маңызы екеніне тоқталып, алда атқарылар жұмыстарды екшеді.

Былтыр атқарылған жұмыстар нәтижесінде Түркістан облысында облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесі 87 пайызға жетті. Биыл сапалы жолдардың үлесін 92 пайызға жеткізу жоспарланған. Жол саласына қатысты мәселелер мен жоспарлар облыс әкімі аппаратының отырысында кеңінен талқыланды.

Облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Р.Ибрагимовтың айтуынша, 2021 жылы құрылыс-жөндеу жұмыстарымен жалпы 688 нысан немесе 2 100 шақырымға жуық жол мен көше қамтылған. Оның 1 200 шақырымға жуығы пайдалануға берілген.

«Облыстық маңызы бар жолдар бойынша 4 көпір және 1 100 шақырым жол құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылып отыр. Оның ішінде 3 көпір мен 351,3 шақырым жол ел игілігіне тапсырылған. Аудандық маңызы бар жолдарға келсек, 4 көпір мен 87 шақырым жолға күрделі және орташа жөндеу жұмыстары қолға алынып, 3 көпір мен 33,8 шақырым жолдың құрылысы аяқталған»,– деді Р.Ибрагимов.

Өңірдегі елді мекеннің 922,2 шақырым көшесі мен жолына құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 804 шақырымы пайдалануға тапсырылған. Оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» жобасымен 254 нысан немесе 326,5 шақырым жол пайдалануға беріліп отыр. Қалған жолдардың құрылысы биыл жалғасын тауып, аяқталады деп күтілуде. 2022 жылы облыс аумағында автомобиль жолдары саласын дамыту арқылы 500 нысан немесе 1 400 шақырымға жуық жол мен көше жөнделеді деген жоспар бар. Сонымен бірге Түркістан қаласының ішкі жолдарының жағдайын жақсарту бағытындағы жұмысты күшейту жөнінде тапсырма берді. 2022 жылы Түркістан қаласында 52,9 шақырым көшенің жолы құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылады деп жоспарланған. Осы арқылы облыс орталығындағы жақсы және қанағатты жағдайдағы жолдардың үлесі артады.

Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев өңірдегі бірқатар маңызды жобалар бойынша жол құрылысын тездетуді, жолдың сапасын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Елді мекен тұрғындары үшін жол мәселесі шешілуі керегін айтты. Аппарат отырысында құрылысы аяқталған газбен қамтамасыз ету нысандарын «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ теңгеріміне өткізу бойынша атқарылып жатқан жұмыс барысы да сөз болды.

Түркістан облысында 841 елді мекеннің 457-сі (54,3 пайыз) немесе 1 млн 374 мың (67,2 пайыз) тұрғын табиғи газбен қамтамасыз етілген. Биыл жыл соңына дейін 472 елді мекен (56,1 пайыз) немесе 1 млн 407 мың (68,8 пайыз) тұрғын табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады. 2025 жылы 722 елді мекен (85,8 пайыз) немесе 1 млн 791 мың тұрғын (87,6 пайыз) табиғи газбен қамтамасыз етіледі деген жоспар бар.

Би-Барыс КӨКШЕ

Елірген топ талай жанның мүлкін қиратты

«Қасіретті қаңтар» оқиғасында Жамбыл облысында 183 көлік өртеніп, зақымданған. Олардың қатарында мемлекеттік көліктен бөлек, жекеменшіктегі автокөлік те аз емес. Ай-күннің аманында темір тұлпары күлге айналып, құр қаңқасы қалған тұрғынның бірі – Балдықыз Жарылқасынова. 3-топтағы мүмкіндігі шектеулі жан ендігі бар үмітім Үкіметте деп отыр.

Балдықыздың ұлы ішкі істер саласында жұмыс істейді. Сол түні баласын жедел жұмысқа шақырғандықтан, ол анасының көлігін айдап кетіп, «С-13» тергеу мекемесінің жанына қалдырған екен. Антына адал азамат облыс әкімдігі ғимаратын қорғауға аттанғанда белгісіз біреулер жол жиегінде тұрған оның көлігін өртеп жіберген. Осылайша, күлі көкке ұшқан автокөліктің қазір құр қаңқасы қалып отыр.

– Lexus маркалы көлігімді үй ішімізбен несиеге алған болатынбыз. Өзім базарда сауда жасайтындықтан, көліктің көп көмегі тиіп жүр еді. Енді жаяу қалдым.

Сол түні ұлымды жедел жұмысқа шақырғандықтан, автокөлікті айдап кеткен болатын. Ертесіне құр қаңқасын таптық. Түк қалмай өртеніп кеткен. Мандай термен келген көліктің жағдайын көріп ішім ашыды. Қазір енді жолдасым да, ұлым да, келінім де соның несиесін төлеп отыр.

Өткенде әкімдіктен адамдар келіп, көліктің құнын 4,5 миллион теңгеге бағалап кетті. Ендігі бар үмітім сол қаржы болып отыр, - дейді Балдықыз.

Тұрғынның айтуынша, көлікті аларда оны сақтандырса да, осы күнге дейін аталған компаниядан бірде-бір өкіл келмеген көрінеді. Керісінше, жергілікті биліктен мамандар хабарласып, барынша қолдау білдіріп жатыр екен.

Жалпы, Балдықыздың отбасында алты адам тұрады. Жолдасының жалақысы 60 мың теңге болғандықтан, ол сома бір жыртықты жамаса, екіншісіне жетпеуде. Сондықтан ұлы мен келіннің айлығын шайлықтарына жаратып отыр. Ал көлік өртенгелі өзінің базардағы саудасы тоқтаған. Амал жоқ, «мемлекеттен көмек бола ма?» деген үмітпен отыр. Мүлкі өртенген тұрғын қаңтардың басындағы бүліктің зардабы көптеген адам үшін ауыр болғанын да айтады. Елірген топ көшедегі әр дүкеннің, әр көліктің артында табанақы мандай терін сатып күнелтіп отырған қарапайым азаматтар тұрғанына назар аударған жоқ.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Олигархтардан қанша миллиард өндіріледі?

Экономикалық қауіпсіздікті нығайту мәселесі көкейкесті болып тұр. Қазақстанның сыртқы қарызы артуда. Бюджеттің бүйірі ортайды. Ел болашақ ұрпақ үшін сақталуға тиіс Ұлттық қорды қарқынды шығындап жатыр. Парадокс жағдай қалыптасты: әлемде соңғы жылдары шикізат бағасы күрт өскен, ал одан ел қазынасына түсетін салық өспеген. Себебі экономиканың әр саласын астына басқан олигополия аз салық төлейді. «Қасіретті қаңтар» оқиғаларын талдаған шетелдік сарапшылар қойнауы аста-төк қазынаға толы Ұлы даланы жайлаған жұрттың осынша кедей күйге түскені – наразылыққа түрткі дейді. Тығырықтан Үкімет қалай шықпақ?

ЖЕТПЕЙТІН КӨРПЕГЕ ҚАЛАЙ КӨСІЛЕДІ?

Мына бір дерекке назар аударсақ: республикалық бюджеттің кірісі 2020 жылы – 11,9 трлн, 2021 жылы 12,4 трлн теңгені құрады, 2022 жылы 12,8 трлн болады деп бекітілді. Жалпы сомасы – 37,1 трлн теңге.

Республикалық бюджеттің шығысы 2020 жылы – 13,9 трлн, 2021 жылы – 14,9 трлн, ал 2022 жылы 15,6 триллион теңгеге жетті. Жалпы сомасы – 44,4 трлн теңге. Демек, осы үш жыл ішінде бюджеттің тапшылығы 7,3 триллион (!) теңгеге жеткен. Басқаша айтқанда, әрбір 6 жыл сайын ел тұтас бір бюджетін жоғалтады, яғни табысы соншаға аз түседі. Төбе шашыңызды тік тұрғызады.

Бірақ одан да үрейлі жайт бар: республикалық бюджеттің кірісі салықтық емес түсімдерден, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерден және Ұлттық қордан алынатын трансферттен құралады. Егер бұларды есепке қоспай, тек бюджетке құйылатын салықтарды ғана есептесек, көңілге кірбің салатын көрсеткіш көлбеңдейді: бюджетке құйылған салықтар көлемі 2020 жылы – 5,5 трлн, 2021 жылы – 6,9 трлн, ал 2022 жылы 8,9 трлн теңге болды. 3 жылда – 21,3 трлн теңге.

Қарапайым арифметикаға салып, республикалық бюджеттің шығысынан бюджетке түскен салықты (44,4 трлн – 21,3 трлн) алып тастасақ, 23,1 трлн теңге шығады. Яғни, мемлекет жер және басқа да активтерін сатпаса, шетелден қарыз алмаса, Ұлттық қор деген атымен жоқ деп көзге елестетсек, онда Үкіметтің жинайтын салығы елдің шығынының тіпті жартысын да өтемейтінін байқауға болады. Мұндай жағдайда үш жылғы бюджет тапшылығы 23,1 триллионға жетер еді.

Қазақта «көрпеңе қарай көсіл» деген даналық бар, бұл сөзді бұрынғы үкіметтегілер де жиі қайталайтын. Әйткенмен, ол көрпе жарым-жартылай жамылуға да жетпейтін болып шыққаны ма? Ыланойран шикізат – қара алтын, көгілдір отын, түрлі-түсті металл, алтын-күміс, уран және басқасын өндіріп, әлемдік базарды қарқ қылып отырған, жаһан жұртшылығын астық, ұн, ет және басқа да азық-түлік өнімдерімен молынан асырайтын республика неге салыққа жарымады? Бұл сұраққа Үкіметтің және одан тәуелсіз экономистер мен қаржыгерлер жауап іздеуде. Қазған сайын былығы көп шығуда. «Жаңа Қазақстан» одан арылады деген үміт бар.

ЖЕҢІЛДІК БЕРУ – САЛЫҚТАН ЖЕҢІЛУ

2018 жылғы 1 қаңтарда жаңа Салық кодексі күшіне енді. Ескі Салық кодексінің қалың томға, былайғы жұрт түгіл, маманның өзі бойлап, байыбына бара алмас ну орманға айналып кеткенін, онда өзге нормаларға қаптаған сілтеме берілгенін сол кезде Елбасы да сынаған еді. Бірақ сол тұстағы Үкімет салық заңнамасын қарапайым әрі түсінікті ету тапсырмасын орындай алмады. Құжатты қолға алған депутаттар шошыды: 2017 жылы Парламентте талқылау барысында қалаулылар жаңа Салық кодексінің жобасында бір емес, бірден 774 бап бойынша басқа заңдарға, өзге кодекстердің баптарына, заңдық актілерге 2,5 мыңнан астам сілтеме барын санап шықты! Салдарынан Салық кодексін түсіну үшін өзге заңдар мен кодекстерді, нормативтік-құқықтық актілерді, Үкімет пен әкімдердің қаулы-шешімдерін ақтаруға тура келмек. Үкіметтің басты дәйектемесі – сілтеме жасамау мүмкін емес, әйтпесе сол құжаттардың бәрін Салық кодексіне көшіруге тура келеді.

Нәтижесінде, бәрібір 780 баптан тұратын қалың том өмірге жолдама алды. Бірақ қызығы бұл емес. Құжаттағы өзгерістердің ең үлкен топтамасы – жер қойнауын пайдаланушыларға арналды. Осыдан-ақ индустрияландыру бесжылдықтарына қарамастан, Қазақстанның ары қарай негізінен шикізат секторына иек артатыны аңғарылды. Атап айтқанда, жаңа Салық кодексінде тау-кен өндірісі саласының шектен тыс табысына салынып келген салық жойылды. Бұл ретте, жүктеме көмір экспортына рента салығына ауыстырылды.

Сондай-ақ коммерциялық тиімді кен орнын тапқанда мемлекетке төленетін алым (коммерциялық табу бонусы) да жойылды. Бұл жаңа кен орындарын барлап, игеруді ынталандыру үшін қажет көрінеді. Өйткені Кеңес кезінде толықканды барланған және қазір қазынасы қарқынды қазып-көсіп алынып жатқан кен орындарында шикізат таусылуға таяғаны жасырын емес.

Табыс-рентабельділігі төмен кен орындар үшін «пайдалы қазбаларды өндіру салығының» (ПҚӨС, орысша – НДПИ) төмендетілген ставкалары белгіленді: сөйтіп, тиісті критерийлерге сәйкес келген жағдайда жер қойнауын өндірушілерге хабарлама тәртібімен-ақ ПҚӨС ставкаларын өз бетінше төмендете салуына рұқсат етілді. Әрине, рентабельділігі төмен, геологиялық күрделі, яғни тұтқырлығы жоғары, суландырылған, шағын дебитті және игерілген санаттарға жатқызылған кен орындары бойынша ПҚӨС ставкаларын төмендету құқығы бұрындары да берілетін. Алайда оны келісімнен өткізу және шешім қабылдау тетігі тым күрделі еді және жер қойнауын пайдаланушылар оған қол жеткізуден қиналатын.

Қуаныш САПАРБАЙ *(коллаж)*

Аукциондардан жиналатын алым да жойылды. Су жолдарын пайдаланғаны үшін кемелерден төлем алынбайтын болды. Қатты пайдалы қазбалар бойынша жаңа лицензиялар алу кезінде «тарихи шығындарды өтеу жөніндегі төлем» де алып тасталды.

Қалайы бойынша ПҚӨС ставкасы 6 пайыздан 3 пайызға құлдыратылды. Үкімет айтқандай, бұл елде металлургияның жаңа саласын – қалайы өнеркәсібін қолдау үшін қажет көрінеді.

1,5 ТРЛН ТАБУҒА МҮМКІНДІК БАР

Биылғы 21 қаңтарда отандық ірі бизнес өкілдерімен кездескен Қ.Тоқаев Жаңа Қазақстандағы жаңа экономикалық саясаттың негізгі ұстыны – «бизнестің салықтық тазалығы» болатынын мәлімдеді. Президент Үкіметке ірі кәсіпорындардың салық төлеу және есеп беру мәселелерін ретке келтіруді жүктеді. Өйткені Мемлекет басшысы «түрлі себептерді сылтауратып, салықты толық төлеуден жалтарған алпауыттар жөнінде арнаулы органдар ұсынған мәліметтер барын» ескертті.

Осыдан кейін олигархтар «Қазақстан халқына» қорына миллиардтар аударуда. Қор басшысы Болат Жәмішев бұл сома 150 млрд теңгеге жетеді деп болжады. Олигополия жыл сайын қорға қыруар ақшаалым енгізіп тұруға міндеттелмек.

Өз кезегінде Ұлттық экономика министрлігі ірі кәсіпорындардан көбірек салық «сауып», бюджетті толтыру жолдарын қарастыруда. Президент тапсырмасына орай ведомство Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізетін жаңа заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеп шықты. Еліміздің бас экономисі Әлібек Қуантыровтың ұжымы бүгінде аталған құжатты ары қарай пысықтауда. Дегенмен министрліктің алдын ала жариялаған талдауына жүгінсек, Қ.Тоқаевтың сынынан кейін салық ауқымы жүздеген миллиард теңгеге артатыны белгілі болды.

Экономика министрлігінің дерегінше, 2020 жылдың соңынан бері және 2021 жыл бойы мыс, алюминий және басқа да негізгі металдар бағасы күрт қымбаттапты. Жалпы, соңғы 5-6 жылда бағаның серпінді өсу үрдісі сақталуда. Нәтижесінде, шикізат өндірушілердің кірісі еселеп артты. Алайда бұдан бюджетке қайтарым шамалы. Неге?

«Себебі пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесі өзгерген жоқ. Осыған байланысты тау-кен секторына салынатын салық жүктемесі қайта қарауды талап етеді. Шикізат бағасы жоғарылағанымен, оның бюджетке қаржылық қайтарымы өспеді. Президент Мәжілістің 11 қаңтардағы отырысында шикізат бағасының көтерілуі аясында тау-кен секторы кәсіпорындарының кірістері өскенін атап өтіп, бюджетке қосымша түсімдер мәселесін пысықтауды тапсырды. Бюджетке түсімдердің қосымша көздері ретінде барлық қатты пайдалы қазбалар бойынша ПҚӨС ставкасын ұлғайту ұсынылады», – делінген талдауда.

Ұлттық экономика министрлігінің дерегінше, 2021 жылы республикалық бюджетке ПҚӨС-тен 450 миллиард теңге түсім түсіпті. Бұл салық өссе, осы сома 300 миллиард теңгеге қосымша артады. Яғни, ПҚӨС жалпы сомасы 750 миллиардқа жетпек. Тиісінше, мұндай норма күшіне енген соң, 5 жыл ішінде бюджетке қосымша 1,5 триллион теңге құйылуға тиіс.

Тіпті, Ресейдің өзінде қатты қазба байлықтарын өндіретін олигархтар бюджетке көбірек, біздегіден екі еседей артық салық төлейді. Мысалы, Қазақстан марганец бойынша – 2,5 пайыз ғана ПҚӨС салығын алады, Ресейде – 4,8 пайыз; темір кені (концентрат) бойынша Қазақстанда – 2,8 пайыз, РФ-да – 4,8 пайыз, мыс бойынша тиісінше 5,7 пайыз және 8 пайыз; алтын, күміс, платина, палладий бойынша бізде – 5 пайыз, көршіде – 6-6,5 пайыз. Дегенмен кейбір металл түріне ең аз салық алу жөнінен Қазақстан әлемдік рекорд орнатқанға ұқсайды. Мысалы, алюминий бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығы баржоғы 0,25 пайыз (Ресейде 8 пайыз), қалайы 3 пайыз (РФ-да 8 пайыз). Оның үстіне, бүгінде Ресей пайдалы қазбаларды өндірушілерден жиналатын салық жүктемесін арттыруды қарастыруда.

ЖАЛҒАН МӘМІЛЕ САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУҒА ЖАҚСЫ

Салық кодексін өзгертетін заң жобасын пысықтау барысында Экономика министрлігінің өзге де қайнар-көздерді табуына мүмкіндігі мол. Президент Мәжілістегі сөзінде бюджетті толтырудың тағы бір тәсілін көрсетті: оның айтуынша, жекелеген қаржы-өнеркәсіптік топтардың жалған мәмілелер жасасу арқылы капиталын шетелге шығару қаупі бар.

«Салдарынан Қазақстанда тапқан ақшасын олар ел экономикасына қайта инвестицияламайды. Осыған байланысты аталған тәуекелді азайту мақсатында бірыңғай ставкасын бекіте отырып, дивидендтерді салық салудан босату бойынша жеңілдіктерді алып тастау ұсынылады», – делінген министрліктің талдауында.

Алпауыттар салықтан жалтарудың келесі бір схемасын пайдаланады: заңнамада үлестес-аффилирленген кәсіпорынның материалдық емес қызметтері бойынша салықтан шегерімдер жасауға рұқсат етілген және оның көлеміне шектеу қойылмаған. Салдарынан олигополия өздеріне бағынышты фирмалар құрады да, мысалы олардан қағаз жүзінде өте қымбат заңгерлік кеңес-консультациялар, экономикалық болжам және басқасын «сатып алады», ал шынында ол қаражат шетелге әкетіледі.

«Салықтық бақылау барысында анықталғандай, ірі салық төлеушілер салықтық жүктемені төмендету мақсатында өздерінің үлестес компанияларынан қызметтерді белсенді түрде сатып алады. Ондай қызметтер компанияға іс жүзінде құрылымдық тұрғыдан қажет болмағандықтан, мұндай мәмілелерде салықтан жалтару белгілері байқалады. Капиталдың осы қызметтерді сатып алу арқылы ағып кетуін болдырмау үшін материалдық емес қызметтер бойынша шегерімдерді шектеу қажет», – деген пікірде Экономика министрлігі.

Осылайша, дивидендтер бойынша жеңілдіктерді, сондай-ақ сыбайлас фирмалар көрсеткен материалдық емес қызметтер бойынша шығыстар шегерімін шектесе, осының өзі бір жыл ішінде бюджетке шамамен 150 млрд теңге қосымша түсім түсірмек. Одан кейінгі жылдары түсім 300 миллиардқа дейін артпақ. Бұл тетік іске қосылса, одан 5 жыл ішінде бюджетке 1 трлн 350 млн теңге салық құйылуы мүмкін.

Сарапшылардың бағалауынша, 90-жылдардан бері алпауыттар Қазақстаннан оффшорларға 140 миллиард доллар капиталды шығарып әкеткен. Тәуелсіздіктің 30 жылдығында елге 370 млрд доллар инвестиция құйылған. Оның жартысы шетелге кері әкетілуі ғажап емес.

Егер Үкімет батылдық танытса, салық саласын ретке келтірсе, алпауыттарды негізсіз берілген артықшылық-преференциялардан, жеңілдіктерден айырса, тым төмен салық ставкаларын екі есе арттырса, онда бюджетті қосымша триллиондар тасқынына кенелтері сөзсіз.

Елдос СЕНБАЙ

Су тапшылығының қаупі зор



Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Биыл су тапшылығы қатты сезілуі мүмкін. Өйткені салыстырмалы түрде қыс жылы болды, қар аз түсті, ал оңтүстік өңірлерде дұрыс жаумады. Сондықтан қалай болғанда да вегитациялық кезеңде шаруалардың тағы да қиналатыны анық. Қазір салалық ведомстволар 10 ақпанда шығатын Қазгидрометтің жауабын күтіп отыр. Онда биыл қыста жауын-шашын көлемі қанша түскені айтылмақ. Одан соң соған сүйеніп биылғы көктемгі су көлемі анықталады да, өңірлерге оны пайдаланудың лимиті беріледі. Көршілерімізден су сұраудың жыры басталады. Сондықтан да бұл мәселені осы бастан көтеріп, дабыл қағуымыз қажет.

Нұрлан ҚОСАЙ

ҚАЗАҚСТАН – АРИДТІ МЕМЛЕКЕТ

Гидрологтардың соңғы жылдардағы есебі бойынша еліміздегі өзендер мен уақытша ағын сулардың көпжылдық орташа жиынтық көлемі 100,5 $км^3$ жобасында екен. Оның 56 жарым $км^3$ ғана республика аумағында түзіледі. Қалған 44 $км^3$ көршілес мемлекеттерден келеді: Қытайдан 18,9 $км^3$, Өзбекстаннан – 14,6 $км^3$, Қырғыз Республикасынан – 3,0 $км^3$ және Ресейден 7,5 $км^3$. Бұл көрсеткіш те жылдан-жылға азайып келе жатқан динамиканың жалғасы. Мәселен, осыдан отыз жыл бұрынғы Ресей гидрологиялық институтының бағалауы бойынша еліміздегі су қоры 126 $км^3$ болған, оның 66,8-і жергілікті, 59,8-і трансшекаралық су. Яғни, тәуелсіздік жылдары су ресурстары 25 $км^3$, жергілікті ағын 10,3 $км^3$, трансшекаралық ағын 15,2 $км^3$ кеміген. Оның негізгі себептері – ғаламдық және аймақтық климаттағы өзгерістер, еліміздегі және көршілеріміздегі өзен алаптары мен аңғарларының шаруашылық мақсатта бірнеше еселеп игерілуі. Бұл мәліметтердің барлығын Халықаралық Тараз инновациялық институты Агробиологиялық ғылыми зерттеу орталығының директоры, г.ғ.к., доцент Марат Молдахметов келтіріп отыр. Оның айтуынша, жазықта орналасқан өзендердің жылдық ағысының 90%-ы көктемде өтіп кететін болса, таулы өзендер ағындысының 70%-ы жазға тура келеді екен.

«Қазақстан Еуразия континентінің аридті, яғни суы тапшы аудануна жатады. Қазақстанға ылғал Атлант мұхиты жағынан батыс және солтүстік батыс желдері арқылы келеді. Ал Тянь-Шань мен Алтайдың биік таулары Үнді және Тынық мұхитынан келетін ылғалға кедергі келтіреді, есесіне Қазақстан Солтүстік мұзды мұхитынан келетін солтүстік және солтүстік-шығыс суық желдерінің өтінде тұр. Осындай ерекшеліктерге сәйкес, еліміздің біраз бөлігін шөлейтті жерлер – Мойынқұм, Бетпақдала, Қызылқұм, Каспий маңы ойпаты, Үстірт, Сарыесік-Атырау аридті аудандары алып жатыр. Бұл жерлерге түсетін жылдық жауын-шашын мөлшері – 100-150 мм, ал топырақтың буландыру мүмкіндігі жылына 1000-1500 мм-ге жетеді. Оның үстіне табиғатымыз күрт континенталды болғандықтан, су ресурстары біркелкі бөлінбеген, әрі өте шектеулі», – дейді Марат Молдабекұлы.

Маманның айтуынша, сулылығы орташа жылдарда Қазақстан бойынша су тапшылығы 6,6 $км^3$ екен. Ал қуаңшылық жылдары сумен қамту 60%-ға дейін түсіп кетеді. Жекелеген аймақтарда, мәселен орталық Қазақстанда ол небәрі 5-10%. Су тапшылығы негізінен суармалы жерлерде қатты сезіледі. Оның үстіне, су сапасының төмендігі де қолда бар судың өзінің тек бір бөлігін ғана пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл мәселені судың ластануы проблемасы да одан сайын ушықтырып жіберіп отыр. Табиғи ортаның қалпына келу қабілеті мен антропогендік жүктеме арасындағы үйлесімнің болмауы еліміздің барлық өңірінде экологиялық қолайсыздықтың туындауына алып келді. Қазақстанда экологиясы бұзылмаған өзен алабы қалған жоқ.

«Ғалымдар су ресурсы тапшылығы ғаламдық жылынудың салдарынан бұдан әрі ушығады деп болжам жасап отыр. Климатологтардың болжамы бойынша Қазақстанның аридтік аумағы үшін қолайсыз гидрологиялық жағдай қалыптасады, ағындардың қалыптасу жағдайы өзгереді, ағынды төмендейді және жыл ішіндегі ағынды үлестірімі өзгеріске ұшырайды. Қатты су тасқыны кезеңі, су тапшылығы байқалатын ұзақ сабалық кезеңмен алмасады. Су басу және қуаңшылықтың қайталану жиілігі артады деген болжамдар жасап отыр. Бірақ бұл бар болғаны болжам ғана. Әрине, қалыптасып отырған қолайсыз гидрологиялық жағдайды жоққа шығаруға болмайды, бірақ болашаққа да үмітпен қарауымыз керек», – дейді гидролог ғалым.

Еліміздегі су ресурсының негізгі бөлігі, яғни 70-90% ауылшаруашылығында тұтынылады. Оның ішінде, ең көп су суармалы егіндікке жұмсалады. Одан кейінгі орында жем-шөп өндіру (көлтабандап суару), жайылымды суландыру және ауыл халқы мен малды сумен жабдықтау.

МҰРАПТЫҢ МҰРАТЫ – ҮНЕМ

Елімізде су тапшылығы қатты сезіліп, жиі шу болып жататын өңірлер әзірге Түркістан және Қызылорда облыстары болып тұр. Қалған жерлерде бұл проблема әлі өткір фазасына өте қойған жоқ. Биылғы болжам да оңтүстіктің шаруаларын қуантқалы отырмағаны анық. Сырдария өзенінде су көлемі жыл сайын азайып бара жатқанының зардабын жергілікті шаруалар тартып отыр. Олар елімізде тек қана сол жерде өндірілетін мақта мен күріш егіншілігінің көлемін қысқартуға мәжбүр. Мәселенің төркіні жыл сайынғы лимит мәселесінде жатыр.

«Мұнда барлығы айналып келгенде бізге Сырдария өзеніне жоғарыдан ағып келетін суға байланысты. 5 мемлекеттің арасында Мемлекетаралық су шаруашылығы комиссиясы деген бар. Сол ұйым Сырдария және Әмударияның суына байланысты жылына кем дегенде екі рет мәжіліс өткізіп тұрады. Сол жиында барлық мәселелерді қарап, су көлемі бойынша ортақ келісімге келіп, хаттамалық шешіммен бекітеді. Мәселен, былтыр сәуір-қазан айларында Қазақстанға 4 млрд $м^3$ су келеді делінген болса, соның тек қана 57%, яғни 2,3 млрд-ы келді. Ал ол кезде бізде жылдың басында жалпы қажеттіліктер үшін Шардарада 5,1 млрд, Көксарайда 2 млрд су жинақталған болатын. Солардың барлығын қосқанның өзінде де қос облыста судың тапшылығы байқалды. Ұйымның кезекті отырысы желтоқсан айында өтті. Оның нақты хаттамасы мен нақты болжамы біздің қолымызда жоқ. Бірақ өзіміздің есебіміз бойынша, көп жылдардың орташа көрсеткішіне сүйенер болсақ, бізге жылына 11 млрд $м^3$ су келуі керек деп алсақ, қазан айынан бері санағанда соның тек 50%-ы ғана келіп тұр. Ол суды Шардара мен Көксарайға жинап жатырмыз. Шардарада бүгінде 3,5 млрд су бар, былтыр осы кезде 3,9 болған, Көксарайда былтыр 700 млн-дай су жинағанбыз, қазір техникалық көлемнен басқа ешқандай су түскен жоқ. Бұл былтырдан бастап жинап жатқан суымыз. Тіпті, Шардараның өзін толтыра алмай жатырмыз. Сондықтан желтоқсан айының 20-сынан бастап төменге қарай жіберетін суды азайттық», – дейді «Арал-Сырдария» бассейіні инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетов.

Сандар сөйлесе, шын ахуалдың көңіл көншітпейтінін көруге болады. Ендеше, құр Қызылорда облысына жылдық орташа көрсеткіш бойынша 4 млрд $м^3$ су керек екен. Оның өзін де жинай алмай отырмыз. Түркістанға да осынша көлемде су керек. Оның жартысын ондағы шаруалар Арыс пен өзге де өзендерден алады. Ендеше, егін салған диқандарға көктемгі жауын-шашынына үміт артқаннан өзге шара жоқ. Былтырғы вегетациялық кезеңде өңірде бірқатар қиындық туындағанымен, суару маусымы тыныш өткен болатын. Енді биыл үнемді күшейтуден басқа жол жоқ сияқты.

«Биылғы жағдай туралы болжам айтар болсам, былтырғыдан жақсы болмайды. Бірақ былтырғы қателіктер қайталанбауы керек. Мәселен, лимит деген бар. Қолда бар су әр аймаққа бөліп-бөліп беріледі. Содан аспауы керек. Оны бөлу бассейн инспекциясына, алып үлестіру жергілікті атқарушы билікке берілген. Бірақ әкімдер шаруаларға түсіндіріп, жұмысты ұйымдастырып, суды үнемдеуге шақырудың орнына, шаруаларды шулатып айдап салып, ақпарат құралдарынан шағым айтқызып қояды. «Барымен базар» деген бар. Бұл жерде әкімдікке көп нәрсе байланысты. Тағы бір мәселе қарды ұстауға қатысты. Біз осы уақытқа дейін осы жұмысты дұрыс ұйымдастырмай келеміз. Егер осы бастан қар жатқан алқаптарды жыртып қояр болсақ, ол су ағып кетпей, сол жерде қалар еді. Кеңес кезінде бұл жұмыстарға өте үлкен көңіл бөлетін. Қазір жанармай үнемдейміз, басқаны үнемдейміз деп, қолға алынбай жүр. Мәселен, солтүстікте 25 миллион гектар егістік жеріміз бар. Осы практиканы жасар болсақ, егін бітік шығуына септік етіп, оған кететін шығынды ақтар еді. Бір жағы су тасқынының да алдын алуға сеп болады», – дейді Қазақстан Су шаруашылығы қауымдастығының жетекшісі Нұрлан Атшабаров.

Су тапшылығы мәселесінің асқынып кетуіндегі бір себеп, мемлекеттік саясатта жатқаны рас. Өйткені елімізде су шаруашылығы өз алдына министрлік немесе агенттік емес, тек комитет деңгейінде қарастырылады. Ол аз дегендей су мәселесіне әртүрлі ведомство жауап береді. «Қойшы көп болса, қой арам өледі» деген осы.

«Суармалы жерлерге қажетті су көлемін Экология министрлігі бөледі. Көктемгі тасқын сумен Төтенше жағдайлар министрлігі күреседі. Ауызсу мәселесіне Инновация министрлігі жауап береді. Ал судың 70-90%-ын тұтынатын Ауыл шаруашылығы министрлігінде дым жоқ. Осылардың барлығын біріктіріп, жоқ дегенде агенттік құру қажет. Сонда жерасты сулары бар, жауын-шашын суы бар барлығын үйлестіріп, су тапшылығын шешуге болады. Әйтпесе, Төтенше жағдайлар министрлігі үшін тасқын судың ағып өтіп кеткені, ешкімге залалын тигізбегені маңызды. Арна қазғанда да сондай есеппен қазады. Қар суын ұстап қалу деген қазір жоқ. Егер өз алдына ведомство құрылар болса, су шаруашылығына қатысты ұлттық саясат та қалыптасар еді. Бұрын Жамбыл облысында су шаруашылығы мамандарын даярлайтын үш оқу орны болатын. Зерттеу институты бар-тұғын. Қаскеленде, Шымкентте мелорациялық колледждер болды. Олар орта буын техниктерді оқытатын. Сондай инфрақұрылымды қалпына келтіру қажет. Ташкентте бұл үрдіс сақталып қалған. Біздің мамандар сол жаққа барып оқуға мәжбүр», – дейді Қазақстан фермерлер одағының президенті Жигули Дайрабаев.

Агроөндірістік кешеннің бұған дейін де проблемадан көзі ашылмаған еді. Енді су тапшылығы оны одан сайын бітейтін сияқты. Тапшылықтың соңы қуаңшылық, үнемнің соңы қымбатшылыққа алып келер болса, оның арғы жағында күні кеше Президентіміздің өзі айтқандай «азық-түлік қауіпсіздігінің» де қатері қылтиятын сияқты. Сондықтан да лимитпен мәселе шешілмесі анық, билікке мемлекетаралық су квотасы мәселесін қолға алатын уақыт жетті. Ал оны дипломатиялық икемі басым бүгінгі биліктің қолынан келетініне үміт бар.

Технарға зәру бұл қоғам

Заман өзгерген сайын адамның сұранысы да құбылып отырады. Сол секілді мамандықтар да өзгеріп жатыр. Бірі жойылып, енді бірі жаңадан пайда болды. Мәселен, индустриялық бағдарламаны жүзеге асыра бастаған тұста елімізде инженерлер ең құрметті мамандық саналған. Қаржы дағдарысына дейін мұнайдың бағасы жоғары болған кезде мұнай-газ саласы мен жалпы экономикаға, бизнеске бет бұрғандар көбейді. Енді индустриялық-инновациялық бағдарламалар жайлаған тұста технологияның тілін меңгергендерге зәру болдық. Бірақ бұл саладағы білікті мамандарымыз көп пе, жастарды қай бағытта оқытқан жөн?

Мадияр ТӨЛЕУ

КЕЛЕШЕК ҚАЙ САЛАҒА МҰҚТАЖ?

Еңбек нарығын зерттеуші сарапшылар Қазақстанда соңғы жылдары қашықтан басқаратын техникалық оператор, жалпы ақпараттық технолог, өнеркәсіп саласының мамандарына сұраныс артқанын айтып жүр. Қазір жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің технологиясы мен оны құрастыру, тау-кен ісі, прибор жасау, жылу энергетикасы саласының мамандарына қажеттілік күн санап артып барады. Мысалы, кейінгі 2 жылда IT мамандарға сұраныс екі есе артқан. Соған қарамастан еңбек нарығында кадр тапшылығы бар. Дипломын алған түлектердің бірі жоғары жалақыға қызығып шетел асса, енді бірі басқа кәсіпке бет бұрған. Яғни, елімізде келешекте технологиялық мамандықтарға сұраныс еселене түспек. Сөзіміз дәйексіз болмасын, мәселен 2019 жылы Қазақстанда болашақта ең сұранысқа ие болатын 100 мамандықтың тізімі жасалды. Тізімді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мемлекеттік бағдарламалар мен кадрлық қажеттілікті болжау негізінде жасаған. Сондағы 100 мамандықтың 57-сі тікелей технологиялық салаға қатысты. Ал BTS Education бас директоры Саясат Нұрбек қазір өнеркәсіп орындары, өндірістік ұйымдар не зауыттарда білікті техникалық жұмысшылар, білікті жұмыс күші сұранысқа ие болып отырғанын айтады. 2020 жылы бастаған «Жаңа мамандықтар атласы» деген үлкен жобада осы күнге дейін туризм, тау-кен, мұнай-газ, энергетика, ақпараттық технологиялар, ауыл шаруашылығы, машина жасау, құрылыс секілді 9 басым сала бар. Сарапшы педагогтер мен дәрігерлерге қалай сұраныс болса, технологиялық мамандықтар да қалыс қалмайтынын алға тартады. EduNavigator жобасының жетекшісі Ғизат Маханов та технологиялық салаларға сұраныс артқанын растап отыр.

– Елімізде технарлар көбейгені даусыз. Соңғы 5-10 жылдықта диджитализация жақсы дамыды. Бұрынғы мен қазіргінің айырмасы жер мен көктей. Яғни, күнделікті қажеттіліктің бәрінде, банк қызметі, құжаттарды онлайн рәсімдеу, білім алу, такси шақыру, тапсырыс беру секілді дүниелер айтарлықтай жеңілдеді. Бұл – бір жағы. Қазір көлік құрастыру тәрізді салалар да дамып жатыр. Онда да мамандарға сұраныс көп. Ауыл шаруашылығын алып қарасақ, ол жерге де биотехнология, химия мамандары қажет. Қазақстанда 1990-2000 жылдары гуманитарлық мамандықтарға сұраныс өте көп болған. Енді өндірістің қарқын алуына байланысты технарлар алға шықты. Қарапайым бір мысал, ерекше, терең ғылымды қажет ететін ғимараттар салуда архитекторлар тапшы. Амалсыз шетелден әкеледі. Жалпы, Қазақстан технологиялық дамуын бағалар болсақ, әлемде ең алдыңғы қатарда болмаса да, соңында емес. Биология, химия, өндіріс салалары да алға ілгерілеп келеді. Әйтеуір бір орында тұрмағанымыз анық, – деді сарапшы.

Таяуда Білім және ғылым министрлігі 2022 жылы техникалық мамандықтарға грант саны артатынын хабарлады. Осы күнге дейін шамамен жыл сайын 60 мыңға жуық гранттың 40 пайызы техникалық мамандықтарға бейімделген болатын. Енді техникалық мамандықтар үлесі 60 пайызға жетеді. Ведомство мәліметінше, 2025 жылға қарай жастар толығымен сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік білім алуға ниетті екен. Енді педагогика, IT және техникалық бағыттағы білім салаларына грант көбірек бөлінеді.

МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТАБЫЛА МА?

Кейде өз саласы бойынша білім алып, оқуды аяқтаған соң басқа салада қызмет етіп не жеке кәсіпке ден қоятындар кездеседі. Яғни, жүздеген грант бөліп, жастар оқыған кейбір мамандық шындығында еңбек нарығында сұранысы жоқ, елеусіз сала болуы мүмкін. Бұндайда кез келген жоғары оқу орны еңбек нарығын болжап, сараптап отырғаны абзал. Қандай өзгерістер болып жатқанын, білім алған шәкірттер кейін жұмыссыз қалмауын ескергені жөн. Оқу бағдарламалары сұранысқа сай дайындалуы тиіс. Бірақ елімізде көп оқу орны бұл іспен ден қойып, айналыспайтын тәрізді. Мәселен, биыл еліміздегі білім беру гранттарының бөлінуіне қарасақ, 17 028 грант инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына бағытталған. IT саласына – 7 487, жаратылыстану ғылымдарына – 4 088, ауыл шаруашылығы ғылымдарына 1 895 орын бар. Бәрінде техникалық мамандық бар. Бірақ жыл сайын даярланатын осыншама технардың бәрі бірдей өз саласында жұмыс істеп жүр ме? Көпшілік мұндайда «Биотехнология» мамандығын жиі айтады. Себебі оқуды аяқтаған соң жастар осы салаға қатысты жұмыс таба алмай, басқа салаға кетіп немесе биология пәнінің мұғалімі болып кетеді екен. Айгерім Оразбаева 2016-2020 жылдары Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Биотехнология» мамандығы бойынша білім алған. Дегенмен «мамандыққа сұраныс жоқ, мүлде жұмыс табылмайды» деген пікірмен келіспейтінін жеткізді.

– Бұл мамандыққа оқуға түсетіндер көп. Бір курста 4 топ болдық, оның 3-еуі қазақ тобы. Әрқайсысында 20-23 студент болды. Бірақ оқуды бітіргенге дейін студенттер 2 есеге жуық азайып қалды. Бұл салада жұмыс жоқ деп айта алмаймын. Мысалы, бакалавр кезінде қатарластарым қан орталығы секілді жерлерде жұмыс істеді. Өз басым жұмыс қарастырған жоқпын, себебі оқуды жалғастырғым келді. Менінше, елорда мен Алматы сияқты үлкен қалаларда бұл мамандық бойынша жұмыс табылады, мәселе аймақтарда болуы керек. Бакалаврды тәмамдаған соң қатарластарымның ешқайсысы мұғалім болып кеткен жоқ. Кейбірі сала бойынша жұмыс тапты, енді бірі басқа салаға ауысты, – дейді ол.

Биотехнология саласына бөлінетін грант та аз емес. Мәселен, былтыр осы мамандыққа 650 мемлекеттік білім гранты қаралған. Негізі өте қажет мамандық, вирусология, ауыл шаруашылығы секілді салаларға таптырмайды. Алайда оларға жұмыс тауып беретін кәсіпорындар шектеулі сынды. Демек, қажет мамандарды дайындаймыз, қолайлы орта жасап бере алмаймыз.

РЕСЕЙДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІ БІЗГЕ ҚАЖЕТ ПЕ?

Айтпақшы, жақында ғана осы техникалық білім беруге қатысты мәселе шыққанын білеміз. Сұранысты ескеріп, Ресейдің жетекші техникалық университеттері «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқытатын жоғары оқу орындарының тізіміне енбек. Кейін бұл тақырып біраз талқыланып, түрлі пікір айтылғанын білеміз. Себебі «Ресейдің жоғары оқу орындарында жастарды оқытудың қажеті жоқ» деп санайтындар көп. Әрине, бұл пікірді құптар ниетіміз жоқ, алайда 2020 жылы 70 мың ғалым Ресейден шетелдерге көшкен. Яғни, көршіміз ғылымға аса бір қолайлы орта жасай алмаса керек. Әлемнің ең үздік 200 оқу орнының қатарына тек М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (194-орын) ғана енген.

Техникалық білім беру деген тек мыңдап технар дайындау емес. Экономикаға қажет мамандарды дайындап, технологиялық процестерді түсінетін ұрпақты, буынды қалыптастыру. Соған лайық жас буын қалыптасқанда ғана технократтық философияның немесе тәрбиенің нәтижесі болары хақ. Мысалы, мектептер барлық соңғы үлгідегі техникамен, құрал-жабдықтармен жабдықталған болуы тиіс. Бірақ біздегі жағдай ондай емес. Зертханалар тек теориялық біліммен шектеледі, тәжірибелік білім беруі аз. Әйтпесе еңбек нарығындағы сұранысты өзіміз қамтамасыз ете алмай жүрмейік.

Жүргізуші куәлігі сатыла ма?

Әсел БАЙТАҚЫЗЫ (коллаж)

(Басы 1-бетте)

Наима НҰРӘЛІ

Бас қаладағы баға басқаларына қарағанда қымбат. Ал Шымкентте – 130-150 мың теңге.

«Ешқайда барып жүрудің қажеті жоқ. Ақшасын бересің, 1-2 күнде дайын болады, аз уақытта керек десең, 1-2 сағатта қолыңа ұстатады. 2021 жылдың желтоқсанында бір досым солай жасатып алды. Сол кезде жаңа жылдан кейін бағасы көтеріледі деп еді», – дейді Арман.

Мұндай жоқтан бар қылатын таныстар аса сақ келеді. Тікелей өздерімен сөйлесу қиын. Араға қанша адам түсетіні, кімнің қанша алатыны белгісіз. Қолы ұзын көкелерді табудың тағы бір амалы – Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, торуылдау.

«Мұнда күн сайын жүздеген адам мемлекеттік нөмірін тіркейді, көлік жүргізу куәлігін алады. Өзіңіз тапсырсаңыз, өте алмайсыз. Сіз дайындалған сұрақтар келуі екіталай. Көлікті қанша жылдан бері айдап жүргендердің өзі сұрақтарға дұрыс жауап бере алмайды. Ақшаңызбен қосып ¾ суретіңізді, жеке куәлігіңізді бересіз. 220 мың теңге. 1 сағатта дайын болады», – дейді Халыққа қызмет көрсету орталығының маңайынан жолыққан Айбар есімді азамат.

Оның айтуынша, қыркүйекте Көкшетау мен Қарағандыда 180-200 мың теңгеге бағаланса, дәл қазір – 250 мың теңге.

Қостанай мен Ақмолада 1 000-нан аса жүргізуші куәлігі сатылған. Былтыр қызметін асыра пайдаланғандар қолға түсті. Қызметкерлер жол ережелерінің теориялық емтиханын тапсырмаған азаматтарға сынақтан сәтті өткені туралы анықтаманы ақшаға саудалаған. Ақмола облысында емтихан қашықтан ұйымдастырылса, Қостанай облысында бетперде мен кепка киген бөгде адамдар өзгелермен бірге отырып тапсырған. Салдары не болды?

Қостанайлық азамат жол ережесін өрескел бұзып, Toyota Camry көлігімен соқтығысқан. Жол апаты салдарынан автокөліктердің тас-талқаны шықты. Тексеру жұмыстарының нәтижесінде оның теориялық және практикалық емтихандарды тапсырмай, жүргізуші куәлігін сатып алғаны белгілі болды.

Неге жұрт жол ережелерін жаттап, емтихандарды өз күшімен тапсырмайды? Себебі қиын. Елорданың мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығының маңайында бір айда 1 989 адам жүргізуші куәлігін алуға өтініш беріп, небәрі 99-ы ғана көздегеніне қол жеткізіпті. 1 003-і «теорияны» тапсыра алмай, 887-сі практикалық емтиханнан сүрінген.

Бұрын «теорияны» тапсыру кезінде емтихан тапсырушы тек жеке куәлігін көрсетсе, өткен жылдың желтоқсанынан бастап арнайы биометриялық жүйе оның құжаттағы бейнесі мен бет-әлпетін сәйкестендіреді. Өзгеріс енгізілмей тұрғанда сынақ тапсыруға өтініш берген 32 мыңнан аса адамның 45 пайызы оң нәтиже көрсетсе, жаңа жүйе енгізгелі 540 адамның 22 пайызы ғана сынақтан өтіпті. Сондықтан көбі уақыт жоғалтқысы келмей, ақша беріп, аз уақытта көлік жүргізу куәлігін алуды таңдайды. «Рөлге отырсаң, үйреніп кетесің» деген сөзге сенеді. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүремін» деп, алаяқтардың да арбауына түсіп қалып жатқандар бар.

Өткен айда ғана Алматыда жүргізуші куәлігін жасап беремін деп елді алдаған ер адам ұсталды. 25 жастағы азамат көлік жүргізу куәлігін жасай алатынына сендіре отырып, ақша алып, ізім-ғайым жоғалған. Наурызбай аудандық Полиция басқармасының хабарлауынша, бөлімшеге бірнеше адам хабарласып, күдіктінің «жүргізуші куәлігін алуға көмектесемін» деп уәде еткенін айтыпты. Ол әрқайсысынан 150 мың теңге алып үлгеріпті.

Ал Таразда 26 жастағы азамат бір кісіге көлік жүргізу куәлігін жылдам жасап беремін деп, қонақүйлердің біріне ақшасын алуға шақырған. Кездесу барысында қалтасындағы 80 мың теңге мен ұялы телефонын қолды еткен. Қазір ол кінәсін толығымен мойындады. Аталған дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 188-бабы 1 және 2-бөлігімен (Ұрлық) және Қылмыстық кодекстің 190-бабы (Алаяқтық) бойынша тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

АВТОМЕКТЕПТЕ ОҚУ МІНДЕТТЕЛМЕЙДІ

Ішкі істер министрлігінің 2.12.2014 жылғы №862 бұйрығы 3-қосымшадағы емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларында өз бетінше даярланған адамдар емтихан тапсыруға жіберіледі. Автомектепте оқымай-ақ емтихан тапсыруға болады. Бұрын арнайы сертификатсыз сынаққа кіргізілмейтін. Қазір автомектептерге бара қоймайды. Қазақстанда күніне 10 адам жол апатынан қайтыс болып жатыр. Көліктердің 80 пайызы – ескі. Жол сапасы белгілі. Мұндай ереже Жапония, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерде бар.

Екіншіден, барлық дамыған елдерде теориялық емтихан бойынша сұрақтар саны 20-25 сұрақтан аспайды, көршілес Өзбекстанда барлығы 10 сұрақ және заңды мәселелерге қатысты сұрақтар жоқ. (ЖҚЕ бұзылған кездегі айыппұлдар, жазалар). Ал бізде 40 сұрақ және оған 40 минут беріледі. 1 сұраққа 1 минуттан есептелінген. Ресейде 20 сұрақ, ол үшін 30 минут уақыт беріледі. Германия, АҚШ-та 20 сұрақтан. Бізде 40 сұрақтың бесеуі міндетті түрде айыппұлдар мөлшері мен жазаға қатысты келеді. Оған заңгер мамандығын оқып жүргендердің өздері жауап беруге қиналады.

Қазақстан Жүргізушілер одағы Жамбыл облыстық филиал төрағасы Амантай Досмаханбетұлы «емтихан сұрақтары қолжетімді болуға тиіс» деп, бұл саладағы тағы бір түйткілді атады.

«Қазір әр облыс орталығында бір мамандандырылған ХҚО бар. Әрқайсысында бір-бір автодром бар. Қарағандыда автодром болса, азаматтар Балқаштан, Жезқазғаннан сол жерге барады. 300-400 шақырым артқа тастап, Мерке, Қордайдан Тараздағы автодромға сабылуға мәжбүр. Теория бойынша емтиханды өз өңірінде тапсырса, практика бойынша облысқа барады. Халық ашынып отыр. Бір барғаннан тесті тапсыра алмайды. Бірнеше рет барып, шығынға батады. Тағы бір мәселе, 6 айдан бері теориялық емтиханды аудандардан алып тастады. Аймақтағылар екі емтиханды да тапсыру үшін облысқа барып жүр. Ел мұндайда не істейді? Әрі жүріп, ақша құртқанша, бір рет ақша беріп, ала салған жөн дейді», – деді ол.

Енді автодромға келейік. Бұл жерде 10 жыл көлік мініп жүрген адам басқаның көлігіне отырса, 1-2 шақырым жол жүргеннен кейін ғана сол көлікке бойы үйренеді. Өйткені өз көлігіне ұқсамайды. Үйренісу керек. Оқығаны болмаса, көлік жүргізіп көрмеген адамды автодромға жібереді, ол әрине қателеседі. Әлем елдерінде практика бойынша қандай автомобиль моделінде үйрендіңіз, сол көлікке отырып, емтихан тапсырады. Біздегідей автодром Ресейде болған. 2020 жылдан бастап оны алып тастады. Көрші елде практика бойынша емтиханды жол үстінде нұсқаушы мен жол полициясының бақылауымен тапсырады.

Жалпы, жүргізуші куәлігіне емтихан тапсыру тәртібі қандай?

– Автомектепте көлік жүргізуді үйрену, жол ережелерін жаттау.

– Қажетті құжаттар: жеке куәлік, 073 үлгісіндегі медициналық анықтама, автокурстан өткені туралы куәлік («В» санаты үшін міндетті емес), мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек. Мемлекеттік баж мөлшері – 1,25 АЕК.

– Теориялық емтихан. 40 минут ішінде 40 сұраққа жауап беру керек. 32-сіне дұрыс жауап берілсе, емтиханнан өткен болып саналады.

– Көлік жүргізу бойынша практикалық емтихан. 20 минут ішінде автодромда 12 жаттығу маневр жасау керек.

– Екі емтиханды сәтті тапсырған жағдайда жүргізуші куәлігі мамандандырылған ХҚО-да екі сағат ішінде беріледі.

БҰДАН ӨТУ МҮМКІН БЕ?

Елордалық Нұртас Қиясов 14 қаңтарда емтиханды екінші рет тапсырып, жүргізуші куәлігіне қол жеткізіпті. Бірінші рет сүрінгенде ақшаға жасап беретін таныс іздеп кеткенін жасырмады. Алайда тапқан адамдары тексеріс жүріп жатқанын айтып, «күте тұр» депті. Кейін мамандардан сабақ алып, өз күшімен тапсырып шыққан.

«Автотұрақ жағынан қиын болды. Өйткені бос орын жоқ. Өте тар. Арнайы сызыққа өтіп кетпеу керек. Бірінші автотұрақта барынша мұқият болсам да, белгіленген сызықты басып кеттім. Сонымен қатар қар басып қалған, әлгі сызық тіпті көрінбейтінін айтқандар көп болды. Мен барғанда қар жоқ еді. 90 градусқа бұрылыс жасау да қиын. Сол тұста тағы бір ескерту алдым. 90 ұпай алдым, егер тағы 10 ұпай қосқанда, мен екінші рет сынақтан сүрінер едім. Таңғы 7-де баруым да пайдасын тигізген болар. 7-де кезекке тұрдым, 11-де тапсырдым», – дейді ол.

Елімізде әр үш сағат сайын жол-көлік апатынан 1 адам қайтыс болатынын ескерсек, бұл – бүгіннің өзекті мәселесі. Қоғамда жүргізуші куәлігінің сатылатынын бәрі мойындайды. Иә, ақша жүргізуші куәлігін сатып алған адам мен сатқан адамның мәселесін шешер. Бірақ оның арты қанша адамның өліміне ұласып, қанша отбасы қара жамылуы мүмкін. Дегенмен неге көпшілік жүргізуші куәлігін ақша беріп істеткісі келеді деген сұрақтың да астарына үңілу керек сияқты. Автомектепке білім алудың міндеттелмеуі, емтиханда кездесетін сұрақтардың қолжетімсіздігі, жалпы сұрақтардың көптігі мен оған берілетін уақыттың аздығы жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа түртті болып отыр.

МАМАНДЫҒЫ БӨЛЕК ПЕДАГОГТЕР

Білім саласы қашанда білікті мамандарға мұқтаж. Қазір еліміз бойынша 3 733 мұғалім жетіспейді. Ал сұраныс жыл өткен сайын көбеймесе, азаймай тұр. Маман тапшылығын шешу үшін өзге мамандық өкілдерін мұғалімдікке тарту бойынша арнайы заң да қабылданған. Жоба аясында нақты қай мамандықтар мұғалімдікке қайта даярланады? 4 жыл көз майын тауысып оқыған мұғалімнің орнын басқа мамандар баса ма?

Көктем ҚАРҚЫН

Белгілі бір салада техникалық білім алып, бірақ екі қолға бір күрек таба алмай жұмыссыз жүрген жандар көп. Әсіресе, биотехнология секілді техникалық мамандықтарды бітіріп, мардымсыз жалақыға жұмыс істегісі келмейтін жастар бар. Өз саласын жақсы меңгерген осындай азаматтар үшін тағы бір мүмкіндік – мұғалім болу. Жақында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мұғалім тапшылығын шешу үшін басқа мамандық өкілдерін мұғалімдікке қайта даярлауды тапсырды. «Болашақ педагогтерді дайындау сапасын арттыру үшін, салалық біліктілік шеңберін және «Педагог» кәсіби стандартын бүгінгі заман талаптарына сай өзгертеміз. Пән мұғалімдерінің тапшылығы проблемаларын шешу үшін қайта даярлау тетігін қолданамыз. Мысалы, мамандығы мұғалім емес, бірақ кәсіби білімі мен тәжірибесі жеткілікті мамандар мұғалімдікке қайта даярлау арқылы тартылады», – деді Асхат Аймағамбетов.

Жобаның тағы бір ерекшелігі – қайта даярлау курсынан тек қана жас мамандар өтпейді. Бұған дейін де мамандығы басқа бола тұрып, бірнеше жыл бойы мектепте сабақ беріп келе жатқан педагогтер бар. Олар осы уақытқа дейін өздерін толыққанды мұғалім сезіне алмай келді. Өйткені мектепке тексеру келгенде дипломында өзге мамандық жазылған мұғалімдерді жұмыстан шығарып, зейнетақы қорына аударымдарын дұрыс түсірмейтін. Бұл жоба осындай мұғалім емес, мұғалімдерге де тиімді.

– Министр сөзінде математика пәнінің мұғалімдеріне нақты тоқталды. Мысалы, математиканың ішінде педагогика емес, бірақ техникалық бағытты бітірген жоғары санаттағы педагогтер бар. Егер олар жоғары оқу орнында саланы толықтырып меңгеріп, кейін мектепте педагогикалық біліктілік арттыратын курстардан өтсе, мұғалім болып жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек. Бірақ оларға да педагогтерге қойылатын талаптар қойылуы қажет. Олар да ұлттық біліктілік тестінен өтіп, мектепке қабылдануға тиіс. Менің ойымша, бұл өзгерістен білім саласы ұтылмайды, – дейді Жамбыл облысы білім және ғылым қызметкерлері жергілікті кәсіподағының төрағасы Ерұлан Мағзұмбеков.

МҰҒАЛІМДІККЕ КІМДЕР ДӘМЕЛІ?

Аталмыш жобаның қабылданғанына 2 жылға жуық уақыт болған. Осы аралықта биология, математика, информатика, ағылшын тілі, химия, физика, тарих, орыс тілі және әдебиет, педагогика және психология, бейнелеу өнері, көркем еңбек және график, әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану, бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі, мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша 203 мұғалім қайта даярланыпты. Яғни, жоба аясында кәсіби білімі бар, бірақ педагогикалық білім алмаған, педагог қызметіне енді кірісіп жатқан тұлғалар педагогикалық қайта даярлаудан өтеді. Қайта даярлау педагогика ғылымы бойынша маман дайындауға арнайы лицензиясы бар жоғары оқу орындарында жүргізіледі.

Педагогикалық кадрларды қайта даярлау күндізгі бөлімде өтеді. Қайта даярлауды іске асыратын жоғары оқу орындарында ол үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қайта даярлаудан өткісі келетін тұлғалар қабылдау комиссиясына тізімде көрсетілген құжаттарды тапсыруға тиіс. Барлық құжаттар уақытында тапсырылған соң, қабылдау комиссиясы педагогтерді қайта даярлау курсына кімдердің өткенін шешеді. Яғни, тура оқуға түсетін талапкерлер тәрізді педагогтер де қабылдау комиссиясының сүзгісінен өтеді.

Сүлеймен Демирел университетінің біліктілікті арттыру және инновация орталығының директоры Алмаз Жұмагелдінің айтуынша, кандидатураңыз қабылданған жағдайда университет, тыңдаушының өзі және мектеп тарапынан үшжақты келісімшартқа отырасыз. Егер мектепте сабақ беріп жүрген болсаңыз, бағдарлама сабақ өту процесіне еш кедергісін келтірмейді. Сабақ беретін мектебіңізден практикадан өтіп, университеттен педагогикалық білім алуыңызға барлық жағдай жасалады. Ментор ретінде мектеп пен жоғары оқу орнынан арнайы адам тағайындалып, қадағаланып отырады. Мұғалімдерді қайта даярлау курсының ұзақтығы – 6 ай. Шыны керек, бағдарлама ережелері де жиі өзгеріске ұшырайды. Соған қарамастан оқимын деген өтініш білдірушілер көп.

– Биыл 100 адам тіркелді. Біз бәрін бірдей ала бермейміз. Тек 20-сын қайта даярлауға алдық. Кейбір жағдайда физика пәнін бітіріп, ағылшын тілінен мұғалім болсам дейтіндер де бар. Біз мұндай талапкерлерді қабылдамаймыз. Өйткені бакалаврдегі білім мұғалім болатын пәннің бағытымен сәйкес келуі керек. Көбінесе бізге математика, ағылшын тілі мен STEM бағытының өкілдері хабарласады. Оқып жүргендердің 10 пайызы бірінші бакалаврын бітіріп, ең алғашқы жұмысын мұғалімдіктен бастағысы келетіндер. Олардың ішінде педагогтің айлығының өсіп жатқанын байқап, салада нәтижелі еңбек еткісі келетіндер де бар, – дейді Алмаз Жұмагелді.

Министрлік қай мамандықты бітіріп, қай пәннен мұғалім болуға болатынын анықтайтын арнайы тізім бекітпеген. Яғни, қатып қалған ереже жоқ. Тек өз саланыздың ауылынан алыстап кетпеуіңіз керек. Педагогтерді қайта даярлайтын әр оқу орнының өз жол картасы бар. Бакалаврдегі транскрипте көрсетілген пәндердің 30 пайызы таңдаған саланызбен ұқсас болса қайта даярлаудан өтуге болады. Қазір мұғалімдікке қайта даярлау курсы ақылы түрде жүргізіліп жүр. Аймақтарда 200 мыңнан басталса, ірі қалалардағы жоғары оқу орындарында 400 мыңнан басталады.

– Біздің университетте 6 айға курс бағасы – 450 мың теңге. Кейбір мұғалімдердің қалтасына бұл ауыр болуы мүмкін. Ал жекеменшік мектептер өз педагогтерін қайта даярлаудан өткізу үшін қаржылай көмектеседі екен. Сондықтан педагог тапшылығын шынымен шешкіміз келсе, осы бағдарламаға да арнайы гранттар бөлуіміз керек, – деді Сүлеймен Демирел университетінің біліктілікті арттыру және инновация орталығының директоры Алмаз Жұмагелді.



ОҚЫҒАНЫ БАСҚА, ӨЗІ – МҰҒАЛІМ

Қайта даярлау курсы аяқталғанда оған қатысқандардың бағдарламаны қаншалықты меңгергені тексеріледі. Курс қатысушыларын қалай аттестациялауды оған жауапты жоғары оқу орнының өзі шешеді. Аттестация нәтижесінде одан сәтті өте алған педагогтерге курсты бітіргенін растайтын сертификаттар беріледі. Осылайша, кәсіби білімі бар болғанымен, педагогикалық білімі жоқ, бірақ балаларға білім бергісі келетін азаматтарға осындай мүмкіндік беріліп отыр. Қайта даярлау курсынан өтіп, мұғалім болып қызмет етіп жүрген педагогтің бірі – Қырмызы Сейітова. Ол қазір Нұр-Сұлтан қаласындағы №44 мектепте биология пәнінен сабақ береді. Бакалаврдағы негізгі мамандығы – балық шаруашылығы.

– Қайта даярлау курсы туралы танысымнан естідім. Осылайша, Абай атындағы педагогикалық университетке өтінішім мен құжаттарымды жолдадым. Қабылданғаннан кейін арнайы платформада сабақ оқыдық. Қазір өзім сабақ беретін мектепте практикадан өтіп жүрмін. Мектепке келіп ұстаздық ете бастағанда «өзімді енді ғана тапқандай» болдым, – дейді Қырмызы Сейітова.

Қайта даярлау курсы еліміздегі мұғалім тапшылығын шешуде маңызды рөл атқаратынын түсіндік. Ал 6 айлық курстан өтіп, бір сәтте педагог атанатын мұғалімнің біліктілігі қаншалықты? Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, ядролық физика мамандығын бітірген жастар зияткерлік мектептің жоғары сынып оқушыларына физиканы ағылшын тілінде жоғары дәрежеде бере алады. Олардың педагогикалық бағыты, бейіні жоқ. Бірақ заңда көрсетілгендей олар 6 ай көлемінде өздері оқыған университетте біліктілігін арттыратын болса, мектепке мұғалім болып орналасады.

– Биомолекулалық инженерия, радиотехника, ядролық физика мамандықтарында математика, физика пәндері жоғары дәрежеде оқытылады. Сондықтан мұндай мамандардың білімі мен біліктілігін ұрпақ тәрбиесінде дұрыс пайдалануымыз керек. Басқа мамандықтарды мектепке тартпасақ та, осы саладағы техникалық мамандарды шақыруымыз қажет. Еңбек нарығында бала ЖОО қабылданған кездегі өзекті мамандық кейін сұраныста болмай қалуы мүмкін. Сондықтан балаға алған біліміне қарамастан, қабілетіне байланысты мамандық таңдауда жеке даму траекториясын қалыптастыруға көмектесетін профориентаторлар керек. Олар қазіргі экономика мен ағылшын тілін жетік білетін мамандар болғаны жөн. Сол себепті мектептегі кәсіптік бағдар саласына педагогикалық білім алмаған, заң аясында біліктілігін арттырған мамандарды тартуымыз керек, – дейді Жұлдыз Сүлейменова.

Иә, бұған дейін кадр таңдауда дипломдағы мамандығына байланысты мәселелер жиі кездесетін. «Ядролық физика» мамандығын бітірген перспективасы жақсы маман келсе де, педагог болмағандықтан, жұмысқа тұра алмайтын. 6 айлық қайта даярлаудың бір артықшылығы мықты маманды мектепке қабылдауға мүмкіндік бар.

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҒАЖАП ҒҰМЫР

Алыптардың соңғы тұяғы Әбдіжәміл Нұрпейісов өмірден өтті. Аңыз адам еді. Қаламгер қауым «Әбе» деп биікке көтерген аяулы тұлға еді. Ол – он сегіз мың ғаламнан бұрын жаратылған Қалам иесі! Сыршыл суреткер. XX ғасырдың қасіретін де жетістігін де көзбен көрген адам. Арал тағдырлас тұлға. Айдыны желкен керген Арал секілді әдебиетке бәрін берді. Сөздің нәрін берді. Тартылған Арал тәрізді ұлттық құндылықтардың жағаға шығып қалғанын да көрді…
Әбе – жаһанданған әлемде жан дүниесі жетім қалған қазақ.
Әбе – әлемдік әдебиетке аты кеткен қазақ.
Әбе – көшпелі қазақ көшінің соңғы жолаушысы.

Әлқисса. Ол әдебиетке «Курляндия» романы арқылы келді. 16 жасында соғысқа алып кеткен. «Курляндияны» жазуына себепкер болған да соғыстағы жылдары. Одан кейін әдебиеттегі алып тұлғалар – ұлы жазушылар, ұстаздары еді. Егер кезінде Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ілияс Омаров секілді қаламгерлер соншама көңіл бөліп, қамқорлық жасамағанда, Нұрпейісов деген жазушының болмауы да мүмкін еді. Онда «Қан мен тер» де, «Соңғы парыз» да жазылмас еді. Сәбит Мұқанов үлкен бір алқалы жиында «Менің қазақ әдебиетінде 20 жыл бойы күткен адамым енді келді» деп көпшіліктен сүйінші сұрап, жар салған екен Нұрпейісов жайында. Алыптардың алғысы болар, ол ешқашан өз шығармаларына салғырт қараған жоқ.

Шынтуайтында, қазақ әдебиетінде ең сүбелі романның бірі «Абай жолы» болса, одан кейінгі шығарма – «Қан мен тер». Мұны қазақ оқырмандары да жоққа шығармайды. Тіпті, Әбені «Қазіргі заманның Шолоховы» деп жазғандар да бар. Бірі орыс өмірін, енді қазақ өмірін шығармаларына арқау еткенімен екеуін де біріктіретін бір нәрсе – адам тағдыры.

Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен терді» 17 рет өңдеді. Ол туралы жазушы Дулат Исабековтің бірде былай деп айтқаны бар еді. «Әлі күнге дейін «Қан мен терді» іреп, іріктеп, екшеп, редакциялап жатыр. Қайта қарағаны сайын «әттегенайы» көп болады. Заман өзгерді. Қоғам басқа дегендей. Өткен ғасырдың елуінші жылдары шыққан шығарма болған соң, әрине, өзгерістер болады. «Соңғы нұсқасын жазып біттім» деді жақында. Мүмкін, соңғы 17-нұсқасын оқып үлгермеген шығармын, бірақ мен үшін бірінші нұсқаның орны бөлек. Одан кейін Әбеңе ешқашан редактор ұнап көрген емес. Баспа тарихында тұңғыш рет «Қан мен тер» редакторсыз шықты. Бір де бір редакторды ұнатпады. Кітабы редакторсыз шыққан тұңғыш адам Әбекең болып, тарихқа енді» дейді.

Мұхтар Әуезов әдебиет саласында Лениндік сыйлықты алған тұңғыш қазақ болса, Әбдіжәміл Нұрпейісов КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған бірінші қазақ. Оның жазудан басқа ешқандай мақсаты болған жоқ. Және сол мақсатына жетіп, әлемдік әдебиетте аты озды.

Қазақ оқырманы «Қан мен терді» ерекше сүйіп оқыды. Шығармадағы сүйікті кейіпкерлері Ақбала мен Еламан, Судыр Ахмет, Сүйеу қарт, Тәңірберген, Қален... бәрі-бәрі санаға басқан мөрдей жатталып қалды. Бұл не ғажап? Бұл не сиқыр дерсің. Сөйтсек, бізді арбаған бұл сиқыр Алланың Әбдіжәміл Нұрпейісовтей қаламгеріне берген суреткерлік қасиеті екен.

«Жаңа ғасыр келді. Бұрын жұрттың қолынан кітап түспейтін болса, енді телефон түспейтін болды. Кітап ұстап отыратын баяғы оқырман көзден бұлбұл ұшты, олардың орнына «айфон» ұстап бүкшиген ұрпақ келді. Бір жақсысы, кешегі классиктер бұл сұмдықты көрмей кетті. Көрсе, құсалықпен өтер еді. Бірақ байқап қарасақ, арамызда біреу жүр, сол алыптардан қалған. Солардың қоста қалдырып кеткен баласындай. Ол кім десеңіз... Ол – анау-мынау емес, Әбдіжәміл Нұрпейісов! Алыптар көшінен түсіп қалған жалғыз жаяудай, арамызда жүр. Бүгінгілерге мүлдем ұқсамайды. Бәріне кешегінің көзімен қарайды. Қарайды да, күңіренеді. Күңіренбей қайтсін?! Қайда қараса да, көзіне телефон ұстап отырғандар түседі, кітап ұстап отырғандар емес. Содан ал кеп жыны келеді. Өздерінің телефондарын тартып алып табанға сап езіп-езіп тастар ма еді. Бірақ көпке топырақ шаша алмайсың.Бір күні қараса, «айфон» деген пәле өз қолында да тұр. Ал құтылып көр! Жұртты жаппай жаулаған бұл кәпірдің сыры не десе, қысқалық пен нұсқалық екен. Қысқалық, нұсқалық. «Оу, оу, бұл сонау жылдары «Климанджаро қарларын» жазған жазушының стилі емес пе?! «Қан мен терді» жазғанда өзі де осы стиль жағында болды емес пе?! Ендеше, мына жұрт неге «Қан мен терді» емес, «Соңғы парызды» емес, «айфонды» оқып отыр?! Сонда... Апыр-ау, сонда не болғаны?! Осы сұрақ жанын отқа да салды, суға да салды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Ақыры «Қан мен терді» қайта қолға алды» деген еді жазушы Смағұл Елубай.

«Қан мен терге» жаңаша көзқарас басталып кетті. Романның ескі нұсқасына сын көзбен қарап, қайта ширата бастады. Бұл роман әлемнің 35 тіліне аударылды. Компартия қазақ жазушысын төбесіне көтерді. Енді одан коммунизм құрылысшылары туралы роман жазуын күткен еді. «Жазып жатырмын» депті жазушы. «Коммунизм құрып жатқан Арал балықшылары туралы екі томдық роман жазып жатырмын» деген классик ақырында «Соңғы парызын» аяқтап шықты. Бұл шығарма Компартияға айтылған алғыс емес, қарғыс болып шықты. Ақырында компартия да келмеске кетті. Классик те партбилетін қоқысқа тастады.

«Соңғы парыз» бірнеше рет өзгерді. Бұл да жазушының шығармашылыққа селқос қарамағанын көрсетсе керек. Әуелі «Із» болып жарияланып еді, кейін «Соңғы парызға» ауысты. Кейін тіпті «Бір күн, бір түн» деп атапты. Соңыра Мәскеуде «И был день, и была ночь» деген атпен жарияланған.

Нұрпейісов халқы үшін отқа да, суға да түсті. Оның бір көрінісі – 1986 жылғы желтоқсандағы көтеріліс. Горбачев пен Колбин қазақ жастарын аямай жаншып, қанға бөктіргені бүкіл қазақтың ашуызасын келтірді. Кремль күллі қазақты ұлтшыл деп, қара есекке мінгізген тұста, 1989 жылдың 17 қаңтарында Мәскеуде өткен бүкілодақтық жазушылар пленумында Әбекең қиянатқа қарсы тұрды. Сырттан келген басшылардың іс-әрекетін жіпке тізгендей тізіп береді. Нұрпейісовтің сол айқайынан кейін 4 ай өтпей, Колбин қызметінен алынады.

Классиктің 86 жылғы ерлігі бір төбе. Бұл туралы белгілі меценат Ұзақбай Айтжановтың айтқаны бар еді. Осыдан 30 жыл бұрын өзінің барлық марапатын (орден, медаль) партиялық билетімен бірге қорапқа салып, қоқыс контейнеріне лақтырыпты. Бұл оның 86 жылғы желтоқсандағы студенттер мен жастардың қырылуына наразылығы болатын. «Әскери марапаттарын неге лақтырғанын» сұрағанымда, ол майданда алданып қалғанын, оның жеңіске ешқандай қатысы жоқ екенін айтты. Оған «Қызыл Жұлдыз» ордені, III дәрежелі «Даңқ» ордені, «Ерлігі үшін» медалі тектен тек берілмегенін айтып, қарсылық білдірдім. Әбекең әкесімен және әкесінің ағаларымен бірге алты бірдей адам Сталинград майданына түсті. Сол тозақтың ішінен Нұрпейісовтер отбасынан жалғыз өзі аман шықты. Ол жеңісті Кенигсбергте қарсы алды. Бұл ерлік емес пе?» дейді Айтжанов. 1924 жылы дүниеге келген жазушы ес біліп, етек жиған кезінде бүкіл халықтың ашаршылыққа ұрынғанын, қоңыз теріп кеткенін көзбен көрді. Сол үшін де Кеңес Одағынан жерінді, оның берген атақ-абыройынан бойын аулақ ұстады. Мақтағанды, мақтанғанды жаны сүйген жоқ. «Солдат шинелін иығынан сыпырып тастап, көркем сөздің солдатына айналған ағамыз суреткерліктің айрықша үлгісін танытты». Дөп сөз.

Сөздің солдатына айналған суреткер өз шығармасын баладай өбектеп, әрбір сөзіне ерекше мән беретін. «Қан мен тер» романының желісі бойынша 2 бөлімнен тұратын кинотуынды түсірілген. Көрерменнің көңілінен шыққанымен, Нұрпейісовтың ойынан шыққан жоқ. Себебі аталмыш фильм автордың қаламының қарымын толық көрсете алмады. «Қан мен тер» Әуезов театры актерлерінің де бағын ашты. Әсіресе, Сүйеу қарттың образы көрнекті актер Сәбит Оразбаевтың бүкіл қабілет қарымын ашты. Әу баста бұл рөл Елубай Өмірзақовқа арналған екен. Ол кісі сырқаттанып қалады да, Оразбаевқа бұйырады. Оның ойынын көрген Елубай Өмірзақов бұл рөлден бас тартады. «Адам болып, жер басып жүргеніміз тек ата-ананың арқасы емес қой. Біз бәріміз ең алдымен, халықтың баласымыз, ұлттың бір бөлшегіміз. Сол халықтың үшінші мыңжылдыққа осындай тазалығын сақтап жетуіне Сүйеу сияқты қарттардың әсер-ықпалы ерекше болған шығар. Мен Сүйеуге қазақ қарттарының жиынтық образы, халықтық мінездің сығындысы ретінде қарадым. Бастапқыда бұл рөлді менің ойнағаным авторға – Әбдіжәміл Нұрпейісовке аса ұнай қойған жоқ. «Сен қисайып-мисайып, ақсаң-ақсаң етіп, қайдағы бір шалды сомдап жүрсің. Сүйеу ондай кейіпкер емес» деп наразы болды. Бірақ әуелі Құдайдың, екінші режиссер Әзірбайжан Мәмбетовтің, үшінші Ыдырыс аға, Асанәлі, Фарида, Әнуардай партнерлерімнің арқасында ойдағыдай алып шықтым» дейді актер. Міне, автордың әдебиетке адалдығы.

Нұрпейісов өз шығармаларына ғана емес, аудармаға да ерекше мән берген. Ол керемет суреткер ғана емес, шебер аудармашы. Ол Чеховтың, Горькийдің, Назым Хикметтің, испан жазушысы Кэсоның шығармаларын қазақ тіліне аударды. Ол аудармалар да қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі дүниелер болып, тарихта қалары сөзсіз.

Солдат қапшығын иығына асып, шаңдақ жолмен батар күнге ілесіп жаяу ілбіген жолаушы туған жерін былайғы тіршілігіне темірқазық етіп ұстаған, өмір бойы кіндік қаны тамған жерін жырлап өткен қазақтың қабырғалы жазушысына айналған-ды.

Бір дәуір, тұтас бір ғасыр жүгін арқалап, соңына мол мұра қалдырған Абыз адам, Аңыз адам. Тарихтың ақ парағына өз есімін қашап жазып кетті.

Зерделі ұрпақ Сізді ұмытпас!

Гүлзина БЕКТАС

БІЗДІ ҚАРТАЙТЫП КЕТТІ

Әбекеңді бүгін өзінің «құтты» орнына қондырып қайттық. «Құтты «орны дейтін себебім, қазақтың дәстүрін жақсы білетін адам біледі, ұғады, жасы 100-ге жеткен адамның өлімін «ақ өлім» деп, артын тойға ұластырып, бәйге, көкпар беретін. Сондай артын тойға ұластыратын ақ өлімнің бірі – осы. Бір ғасырға жуық өмір сүрді. Бір ғасырға жуық өмірінің бәрін түгелдей қазақтың қарасөзіне арнады. Өмірінде үш роман ғана жазды: «Курляндия», «Қан мен тер», «Соңғы парыз». Осы үш шығармаға бүкіл өмірін арнады. Әрі қазақ сөзінің сақшысындай еді. Басқалардың шығармаларын оқып отырып немесе өз шығармасын оқып отырып, қате кеткен бір сөздің өзін түзеп, біздерге ұрысып, «сендер әрбір сөзге мән бермейсіндер» дейтін. Өз ісі арқылы бізге үлгі көрсетті. Бірақ Әбекең сияқты біздің шыдамымыз жетпейді оған.

Платонның сөзін мысалға келтіруге болады. Платон мен Аристофан әлденеге келісе алмай, шекісіп, ұрысып қалады да, бір күннен кейін Аристофан қайтыс болды дегенді естігенде, жерге отыра қалып, жылаған екен. Сонда Платон: «Поэзияның музасы бүкіл Грекияның аспанын ұзақ уақыт қонатын қолайлы жер таппай, шыр айналып ұшқан екен. Ақырында сол қолайлы храмды Аристофанның кеудесінен тауып, сонда қоныс теуіпті. Содан кейін де Аристофан бүкіл Грекияның мақтанышы, бүкіл Грекияның ұлы драматургы, мәңгі ұлы ақыны болып қалады» деген екен. Соны мысалға келтіре отырып, сол муза біздің қазақ даласына жеткен болуы керек. Поэзияның музасы Абайдың кеудесінен орын тепсе, қара сөзде Әуезов пенен Нұрпейісовтің кеудесіне қонақтаған екен. Қазақ халқы мәңгі өмір сүрсе, Әбекең де мәңгі өмір сүреді.

Маған телефон соққанда, «бала» дейтін еді. Ол өз өлімі арқылы мені қартайтып кетті. Енді біз өзге біреуге «бала» деп, қоңырау шаламыз.

«Мұңлық-Зарлықта»:
– Мақсатқа жетіп бәрі де,
Олар да өтті дүниеден.
Өзекті жанға бір өлім,
Тек шайтан ғана өлмеген, – дейді. Өзекті жанның бәріне өлім бар.

Бір ғасыр жасады. Бұдан кейін Әбекеңсіз өмір сүреміз. Мен өзімді жетім қалған баладай сезіндім. Біз де сексенге келіп қалдық. «Бала» дейтін Әбекең жоқ.

«Аман-сау болыңыз! Ұлыларға сәлем айтыңыз. Жатқан жеріңіз жайлы болсын! Пейіште нұрыңыз шалқысын!» деп аяқтағым келеді.

Дулат ИСАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері

СОҢҒЫ СӨЗ

Әбені соңғы рет екі жеті бұрын көрдім. Үйінде төсегінде сарғайып, құр сүлдері жатыр екен. Мені көріп түсі жылып төсектен басын көтергісі келді. Басын сүйеп төсегіне отырғыздық. «Ер арыса аруақ» деген. Қаңқасы қалыпты. Сөйлей алмады. Ауызына «Айналайын!!» деген сөз түсіп, соны қайталай берді. Қайталай берді. Мен іштей тіксініп: «Ойпыр-ай, бұ шал маған бұлай деп мейірленбеуші еді ғой!! Бұнысы несі?!» деп, секемдендім. Секемденген үстіне секемдендім. Ол бұзылған патефондай сарнай берді. Әлгі сөзді қайталай берді. Мен, ақыры, бір нәрсені ұқтым. Бұ кісінің бұл бақылдасу сөзі екенін ұқтым. Бақылдасу керек екенін ұқтым.

– Әбе! – дедім, қолын қысып. Ол сонда да «айналайынды» тоқтатар емес.

– Әбе! – дедім тағы. – Азды-көпті жарты ғасырдай аға-іні болыппыз. Өмір деген ойқы-шойқы нәрсе ғой. Бірде болмаса бірде көңіліңізге тиіп ренжіткен болсам, кешіріңіз!!! – дедім.

Ол мені естіді ме, естімеді ме, білмеймін. «Айналайынды» қайталай берді. Қайталай берді. Жарты сағаттай қайталады. Мен қоштасуға ынғайландым. Сонда ол:

– Әй! – деді, маған көз қиығын салып. – Үмітім бар!! Үмітім бар!! – деді.

– Аумин!! Айтқаныңыз келсін, Әбеке!! Айығып кетіңіз!!! – дедім.

Басын сүйеп жастығына жатқыздық. Осылай қоштастық. Ол тесіліп қарап қала берді. Осылай қоштастық. Қаңтардың бесі күні таңертең келіні Айгерімнен хабар келді. «Ата дүниеден өтті» деген. Біз сонда түсіндік. Сөйлесуге тілі келмей жатып, абыздың соңғы сөзі неге «айналайын!» болғанын түсіндік. Бұл сөз, екі дүниенің арасында жатқан Әбенің біз арқылы алыс-жақын ағайынға, халқына деген аманаты, соңғы сөзі екенін сонда түсіндік. Құрметті ағайын! Әбе сіздердің бәріңізге «айналайын!» деп өтті өмірден. Жүрегі халқына деген махаббатқа толып өтті. Алла ағамызды алдынан жарылқасын!

Смағұл ЕЛУБАЕВ,
жазушы

ҚАЗАҚПЕН БІРГЕ ЖАСАЙ БЕРЕДІ

Әуезовтен кейін бүкіл әлемге қазақ әдебиетін, қазақ прозасын танытқан Әбдіжәміл Нұрпейісов еді.

Әбең өте кірпияз, өз жазбасына да, өзгенің жазғанына да ылғи сын көзбен қарайтын адам болатын. Көп дүние жазған жоқ. Соғыстан оралғанда «Курляндия» деген романының он бес-ақ бетін жазып келген екен. Алматыға келіп, Ғабиден Мұстафинге қолжазбасын тапсырып кетеді. Ол кезде өте қиын кезең. Гимнастеркамен жүрген жас офицер. Қолжазбасын одаққа апарып беріп, өзі шаршап келген, ұйықтайтын орын жоқ, жақын маңдағы бір орыстың үйінің есігін қағыпты. «Екі сағат ұйықтап кетсем бола ма?» деп сұраған ғой. Ішін қандала басып кеткен, ескі үйдің бірі болса керек. Қандаланың сорғанына қарамастан, тұяқ серіппей екі сағат ұйықтапты. Ұйқыдан тұрып, одаққа қайта барса, Ғабең іздеп жатқан көрінеді. «Айналайын, керемет дүние жаза бастаған екенсің. Сен осыны аяқтауың керек» депті. Міне, үлкендердің кішіге қамқорлығы!

Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин сияқты қазақтың ірі жазушылары өздерінің ізінен ерген талантты жазушыларды іздеп жүреді екен. «Міне, арамызға тағы бір талантты жазушы келді» деп, Әбдіжәмілді ортасына алып, романын бітіруге көмек берген. Ол жылдары бәрі қат, тіпті жазу жазатын қағаздың өзі қат кезі. Сәбит Мұқанов екі келі қағаз алып беріп, Әбеңді Аралға жібереді. Әбеңнің шығармашылық өмірі осылай басталған.

Әбдіжәміл Нұрпейісов қазақ әдебиеті дейтін үлкен әлемге өз олжасын салған, қолтаңбасын берген адам. Көп қазақтың жазушысының бірі емес, әлемдік деңгейге қазақ прозасын жеткізген адам. «Қан мен терді» жазды. «Соңғы парызы» арқылы қазақтың өмірін жазды. Тағы да әлемге танылды. Өзі ғана емес, қазақтың көркемсөзін, жан-дүниесін танытты. Рухын, мәдениетін, салт-дәстүрін көрсетті. Әуезовті өте жақсы көретін. «Әуезовтей жазушы жоқ» деп өзіне ұстаз тұтатын. «Мұхтар Әуезов біздің қорғанымыз ғана емес, айбарымыз еді» дейтін. Бүгін сол сөзді мен де Әбеңе арнап, айтқым келіп отыр. Қазақ әдебиеті дейтін әлемде Әбдіжәміл Нұрпейісовтің жұлдызы әрқашан биік тұратыны сөзсіз.

Әбдіжәміл Нұрпейісов өлген жоқ. Ол қазақпен бірге жасай береді.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
жазушы

Сайрамдағы сансыз бап

туристерді неге қызықтырмай отыр?

Мемлекет басшысы жергілікті әкімдердің халық ортасына жиі шығып, нақты жағдайды көзбен көруі керек екенін айтты. Сондықтан шығар, Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов қаланың шеткі аймақтарындағы елді мекендерге жиі шығып жүр. Алайда тұрғындар ауыл халқымен кездесу, олардың мұңмұқтажын тыңдау сол баяғы «шешеміз», «қарастырып жатырмыз» деген үйреншікті біртектес сырғытпа жауаппен қалып кетпесе игі деп алаңдайды. Тіпті, әлі күнге дейін бірде-бір қала не болмаса аудан әкімі төбе көрсетпеген өңірлер де бар. Соның бірі – Сайрам тұрғын алабы.

ЖОЛ «САҚАЛДЫ», АЛ «СЕРГЕК» ОДАН ЖЫЛДАМ

Сансыз баптардың мекені Сайрам осыдан 8 жыл бұрын Шымкент қаласына қосылған бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты қала шетіндегі 40 шақты ауылдың бірі. Өкінішке қарай, сонша жылдан бері осынау қала тұрғындары әлі күнге дейін қалалық бола алмай кейбір ауылдардың да жағдайынан төмен күй кешіп отыр. Баршаға белгілі Сайрам – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ірі сауда, қолөнер және діни орталық. Мұнда 100-ге жуық әулиелі жерлер, сәулет ескерткіштері бар. Солардың бірі және бірегейі Қожа Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим ата мен оның жары Қарашаш ананың кесенелері неге тұрады?! Түркістан өңіріне саяхат жасайтындар міндетті түрде әсіресе осы екі кесенеден айналып өтпейді.

Бірақ дәл бүгін Сайрам туристер келетін аймаққа мүлдем ұқсамайды. Жолы шұрық-тесік, көшесі кептелістен көз ашпайды. Ал тұрғындарының мәселесі өз алдына бір төбе. Біз Сайрам тұрғын алабында болып, тұрғындардың мәселесін тыңдап қайтқан болатынбыз.

Шаһардың халық санын 1 миллионға жеткізу үшін оны қалаға қосып құжатты өзгерту билікке оңай және тиімді болғанымен тұрғындарға жайсыз болатыны бесенеден белгілі. Айтса айтқандай, мұнда әлі күнге дейін тұрғын үйінің құжатын өзгерте алмай отырғандар да бар екен. Сайрам тұрғын алабының шеткі көшелері тұрмақ орталық көшелерімен жүру мүмкін емес. Орталық транзиттік саналатын Ю.Сарями көшесінен күн сайын көліктер бір сәтке де тоқтамай жүріп жатады. Ал жуырда ғана жөнделген жолдың ойдым-ойдымы шыққан. Тіпті, орталық көшесіне жолақ қойылмастан адым сайын «Сергек» бейнекамераларын орнатыпты. Сонда жол полицейлері алдымен жол белгілерін дұрыстамай жүргізушілерден алым алуды ғана біле ме? Бұл туралы «Жанубий Қозоғистон» газетінің редакторы, Сайрам тұрғыны Әлішер Садықов ауданның күретамыры саналған әл-Фараби, Әмір Темір, Ибрагим ата, Ю.Сарями көшелерінің қайта құру, күрделі жөндеу жұмыстары 2018 жылдан бері жыр болып, бүгінде «сақалды құрылысқа» айналғанын айтып өтті. «2019-2020 жылдарда пайдалануға тапсырылуы керек болған нысандар әлі бітпеген. Осы төрт нысанның барлығында тапсырыс беруші ретінде Түркістан облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы көрсетілген. Жеке басым түркістандық басқарма өкілдерінің Шымкентке келіп, жұмыс сапасына қызығатынына сенбеймін. Онсыз да облыстағы тірліктері жетерлік. Орта жолда нысандарды тапсыру уақыты үшінші жылға қарай кешігуде. Жолдар мемлекеттік қабылдауға алынбай жатып бүлініп, жамалды. Тіпті, жолаушыларға арналған жолақтың өзі шұрық-тесікке айналды. Жарық бағаналары орнатылғанымен жарық берілмейді. Ол бағаналар тұрып-тұрып, ақыры қирап жоқ болып жатыр. Ал бұл нысандарға бюджеттен қыруар қаржы бөлінген. Бір ғана Ибрагим ата және Ю.Сарями көшелерін күрделі жөндеу үшін «Алем Транс Жол» ЖШС-не 4,567 млрд теңге бөлінген. Халық осы қаржылардың игілігін көрмей отыр. Балашағамыз мектептен қара түнекте түртінектеп қайтады», – дейді ол.

10 КӨШЕГЕ БІР АТАУ

Ал Сайрам тұрғын алабының Фурхад көшесі тұрғындарын мазалайтын мәселе өте көп. Фурхад көшесі дейміз-ау, негізінен ұзыннан-ұзақ созылып жатқан көшеден бөлініп тарам-тарам болып кеткен 10 көше бар. Әр көшеде 50 шақты отбасы тұрады. Оларға осы уақытқа дейін атау берілмей «проезд» деп аталып келеді. Яғни, Фурхад көшесінің 1-ші, 2-ші «проезді» болып кете береді. Көшенің атауы болмағандықтан сырттан келетін қонаққа да, жедел жәрдем көлігіне де түсіндіріп айту қиын. Қош, сонымен 10 «проезд» тұрғындарының мәселесі ортақ. Фурхад көшесінде жол салынғанымен жарты жолдан тоқтап қалған, «проездер» де мүлдем жоқ. Халық өз қалтасынан қаржы шығарып, тас төсеткеніне де біраз жыл болыпты. 1998 жылдардан бері жаңадан қоныстанып, бүгінде 10 көшеге толық үй орналасқан. Мұнда қоғамдық көлік келмейді. Осындағы 200-ге жуық отбасының балалары 4-5 шақырым шалғайдағы мектепке қатынайды. Тұрғындар «балаларын сабаққа апарып, алып қайтамыз» дейді. Бұл көшеде ғана емес, жалпы 50 мыңға жуық тұрғыны бар Сайрамда көшені жарықтандыру мәселесі күрделі күйінде тұр.

Ал «жел үп етсе, жалп ете қалатын» жарық мәселесі де өзекті. Көше тұрғыны Бахадыр Исрайлов жарыққа жауапты мекемелердің байланыс нөмірлеріне хабарласып, мардымды жауап ала алмайтынын айтады. Кезінде тұрғындар өз есебінен электр энергиясын кіргізіп алған, бірақ кейін мемлекеттің балансына өтті деп естіпті тұрғындар. Бірақ жарық өшсе, жөндеушілер келмейді. Содан жиі өшетін жарық үшін тұрғындардан да жиі ақша жиналады. «Жарығымыздың сапасы өте төмен. Пілте шам құсап сығырайып тұрады. Талай тоңазытқыш пен шағын толқынды пешті, теледидарды күйдірдік», – дейді көше тұрғыны Шахло Рустамова. 1996 жылдары салынған трансформатордың да тозығы жеткен.

Тұрғын алап тұрғындарын мазалайтын ең үлкен мәселе – ауызсу. «Егінге онсызда су жоқ, есіктің алды әлдеқашан құрап кеткен. Бізге ішетін суымызды реттеп берсінші. Ауруханаға барсақ, міндетті түрде «суды құдықтан ішесіздер ме?» деп сұрайды. Бұл сұрақ бәрімізге таңсық болмай қалған. Себебі бүйрегімізден тас шығып жатады», – дейді Умида Хаджиметова. Тұрғындар әр көшеге бір құдық қаздырып алыпты. Бір құдықтан 40 отбасы су ішеді. Жыл өткен сайын су да тартылып, әр жылы 2-3 метрге создырып қазып алады. Кейбіреулері суды орталықтан тасып ішеді. Бәрінен бұрын тұрғындардың ауызсу үшін жердің қазылып, құбырдың тартылып қойғаны және жылдар бойы оны пайдалана алмай отырғаны жандарына батады. Айтуларынша, ауызсу үшін жер екі рет қазылған. Бірі сонау 2007 жылдары қазып, құбыр тартылып, жұмыс жарты ортада қалып кеткен.

Одан соң 2014 жылдары тағы су қазу жұмыстары жүрген. Осы аумақтың мәселесін билікке жеткізіп жүрген ауыл кариясы Давран Ирисбеков ауызсу үшін құбырдың толық тартылғанын, тіпті кейбіреулердің үйіне дейін кіріп тұрғанын айтады. Бірақ пайдалануға берілмеген. Көшенің әр жерінде қазылған ор бар. Тұрғындар ол жерді балалар түсіп кетпес үшін көлік дөңгелектерімен қалқалапты.

Біз бұл туралы Қаратау ауданы әкімдігінің Сайрам тұрғын алабына жауапты маманынан сұраған болатынбыз. Шералы Нұралиев 2006 жылдары «Дина-Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан құбыр жүргізілгенін, алайда ол кезде су берілмегенін айтады. Одан кейін 2014 жылдары «Евроремонтсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тағы да біріншісінің кемшіліктерін түзеп, жанына құбыр жүргізіп, су әкелмек болған. «Құбыр толық тартылып біткенімен ол жерде су көзі болмағандықтан сол күйі қалып кетті. Оның қабылданып алынған-алынбағаны белгісіз», – дейді ол. Жалпы, Сайрамда ауызсу берілмеген аймақ көп екен. Ал электр жүйелерінің 55 пайызы жекенің меншігінде. Сонда дейміз-ау, бір емес екі мәрте ауызсу әкелмек болып тендер ұтып алған мердігерлерге бөлінген мемлекеттің миллиондары желге ұшқаны ма? Оның сұрауы жоқ болып тұр ғой. Демек, бұл ауылдың тұрғындарына ауызсудың келуі әзірге екіталай сияқты. Өйткені бір емес, екі мәрте қаржы бөлінген.

17 МЕТР ҚҰДЫҚҚА ҚҰЛАП КЕТІП, МҮГЕДЕК БОЛҒАН

«Құдықты жыл сайын тазартып отырамыз. Құдық қазып жүрген жігіттің жібі үзіліп кетіп 17 метр тереңдікке құлады. Қазір мүгедек болып қалды. Біздің бұл мұңымызды тыңдап жатқан адам жоқ. Әкімдікке жыл сайын 2-3 мәрте арыз жазамыз. Бірақ нәтиже болмай отыр», – деп күйінді ауыл кариясы Давран Ирисбеков. Ал Ақолат Мирхойдарова «көшіп келгенімізге 20 жылдан асты, барлығын өз қалтамыздан шығарып, қол жеткізіп жатырмыз», – деп ашынды.

Туып-өскен жеріне жанашырлық танытып, үнемі әлеуметтік желіде ауылының мәселесін қозғап айтып жүретін Сабыр Низамиддинов ауылы 2014 жылы қалаға өтсе де, өзгеріс тек орталықта болғанын, шеткі аймаққа көңіл бөлінбейтініне өкініш білдіреді. Билік өкілдерінің мұнда аяқ баспайтынын, ішкі жарықтары мен ауызсудың, жолдың мәселесі жанына бататынын айтты. «Қаратау ауданы әкіміне халықтың көңілі толмайды. Депутаттарға да, әкімдікке де халықтың өтінішін жеткізіп жүрмін. Халық әлі де шыдап жүр. Бірақ дәл осылай жалғаса берсе, бір күні жарылады. Бұдан да қалаға кірмей-ақ облыстың қарамағында отыра бергеніміз дұрыс еді», – дейді көпшілік. Себебі облыста ауызсу, жарық, жол бойынша кезекте тұрған едік. Қалаға өтіп кезегіміз бұзылып кетті. Әкімдік үй құжаттарын реттеп беруге көмек берсе деген сұраныс бар» , – дейді ол.

Сондай-ақ Сайрам тұрғын алабының Шымкент қаласына кіретін бөлігін пойыз жол бөліп тұр. Ал пойыз жолдан күн сайын Шымкентке кіріп-шығатын пойыздар үздіксіз жүйіткіп тұрады. 50 мыңға жуық тұрғыны бар Сайрам халқының басым бөлігі Шымкентке келіп жұмыс істейтінін ескерсек, ертелі-кеш осы жолдағы ұзын-сонар кептеліс халықтың жүйкесіне тиіп біткен. Қалай болғанда да, бұл аумаққа аспалы көпір салу кезек күттірмейтін мәселе екені айдан анық.

Жалпы Сайрам тұрғын алабында айтар мәселе көп. Ең бастысы, ауыл-аймақты аралап жүрген қала басшысы әр жердің мәселесін тек түртіп алумен шектелмей, түйткіліне тереңірек үңілсе дейміз.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Қызылжарлықтар ЖЫЛУҒА МҰҚТАЖ

Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Петропавл қаласын жылумен қамтамасыз ететін №2 жылу-электр орталығының құрал-жабдығы қаусап тұр. Соның салдарынан соңғы екі жыл бойы кәсіпорын апаттан көз ашпай отыр. Әсіресе, биылғы қыс басталғалы қызылжарлықтар дірдеңдеп отыруға мәжбүр. Жылыту маусымы басталғалы 3-4 рет апат салдарынан қала жылусыз, ыстық сусыз және жарықсыз қалды. Тіпті, әлеуметтік нысандар да дұрыс жылытылмайды.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Петропавл қаласындағы Н.Крупская атындағы №10 орта мектеп оқушылары қыс басталғалы тоңып-жаурап жүрген еді. Мұнда температуралық режим мүлдем сақталмаған: 14-16 градус. Қызы осы мектепте 3-сыныпта оқитын Наталья Апретова «Nur Otan» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалында облыстық білім басқармасының басшысы Назыр Азаматұлы өткізген қабылдауға келіп, осы мәселені көтерді.

Солтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы Назыр Жәшібеков түсіндіргеніндей, ыстық суға арналған сорғының істен шығуына байланысты осындай жағдай орын алған. Мектептің жылу торабы толығымен автоматтандырылған екен. Сондықтан сорғы жұмысын қолдан реттеу мүмкін болмаған.

«Былтыр шілдеде автоматтандырылған жылу торабын орнату жобасына конкурс жарияланды. Тамыз айында жылу торабы орнатылып, су беру және оның температурасы автоматтандырылды. Сондай-ақ жылыту жүйесі тығыздалып, жуылды. Жылыту маусымы басталған кезде ешқандай қиындық туындамаған болатын. Ал сорғы істен шыққаны анықталған соң жылу торабы тексеріліп, су беретін сорғыны ауыстыру туралы шешім қабылданды. Бұл сорғы жуырда алмастырылды», – деді Назыр Азаматұлы. Оның айтуынша, бүгінде білім ошағындағы температуралық режим қалпына келтірілді әрі санитарлық талаптарға сай.

Қамқоршылар кеңесінің төрайымы Наталья Апретованың айтуынша, жылумен қамтамасыз етушілер мектептердің жылу жүйесінің қызмет ету мерзімі 25 жыл екенін айтқан екен. Ал Петропавл мектептерінің жылыту жүйесі іске қосылғалы 40 жылдан асқан. Жылу берушілер жүйені автоматтандыру туралы талап қойған. Мектеп директорлары айыппұл төлемес үшін талапты орындаған.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЭЛЕКТР ЖЫЛЫТҚЫШТАР ҚАУІПТІ

Есесіне «Ақ бота» балабақшасының тәрбиеленушілері жақ жүндері үрпиіп, тоңып жүр. Ата-аналар білім ошағының суықтығына шағымдануда. «Ақ бота» балабақшасындағы температуралық режим туралы мәселе көтеретін кез келді. Әр топта қос-қостан электр жылытқыштары жұмыс істеп тұр. Әр жылу беру маусымы сайын қайталанатын жағдай осы. Бұл қауіпсіздік шараларына сай емес. Жыл сайын жаз болса балабақша жөндеу жұмыстарына бір айға жабылады. Алайда неге екені белгісіз, топтар жылытылмайды. Балабақша басшылығы да, қалалық білім бөліміндегілер де жағдайдан хабардар, алайда ешқандай шара қолданып отырған жоқ. Балалар тоңатындарын айтып келеді. Суықтың салдарынан бүлдіршіндер жиі ауырады. Әр топта балалардың жартысы да жиналмайды», – дейді баласы осы балабақшаға баратын петропавлдық тұрғын. Өкінішке қарай, ол кейін тәрбиешілер жазаға ұшырамасын деген ниетпен, атын атағысы келмеді. Ол балабақшаға жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде қабырғаларын жылыту немесе жылытылған еден орнату туралы ұсыныс жасады. Себебі баласы бәрінен де аяғы қатты тоңатын айтып шағымданады екен. Балалар ұйықтаған кезде де электр жылытқыштары сөндірілмейді. Бұл қауіпсіз емес. Бүлдіршіндер қалың киініп жүруге мәжбүр.

Облыстық Білім басқармасының басшысы Назыр Жәшібеков бұл мәселе қарастырылып жатыр дегеннен ары аспады. Ал қалалық білім бөлімі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-да болған апаттарға байланысты шынымен де жылу мөлшерден аз берілгенін мойындады. 2021 жылы жүргізілген энергоаудитке сәйкес биыл жазда балабақшаның есік-терезелері қымталатынын жеткізді.

Ауруханалардағы да жағдай аса мәз емес. Жұқпалы ауруларды емдейтін ауруханада жатқан науқастың бірі жуырда әлеуметтік желілерде терезелердің көрпемен қымталған суретін жариялап, бөлімшенің суық екенін жазды.

КӘСІПОРЫН ЖАБДЫҒЫ ҚАУСАП ТҰР

Электр жылытқыш демекші, биылғы қыс петропавлдықтардың дені соның көмегімен жылынуға мәжбүр. Жылу-электр стансасы қайта-қайта істен шығуда. Айдың соңында «екі жеп, биге шығатын» да – осы кәсіпорын. Себебі тұтынушылар жылу үшін де, электр жарығы үшін де еселенген төлемақы төлеуге мәжбүр.

«СевКазЭнерго» акционерлік қоғамының құрал-жабдығы әбден ескірген. №2 жылу-электр орталығының директоры Ержан Қоңырбаев кәсіпорынның құрал-жабдығы қаусап тұрғанын мойындады. Оның айтуынша, стансаның қазандық агрегаттары 75 пайызға тозған. Қайта-қайта істен шыға беретін қазандықтары үнемі жөндеу үшін тоқтатылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ баспасөз хатшысы Лилия Шеринаның айтуынша, күз-қыс мезгілінде қаланы жылумен толыққанды қамтамасыз ету үшін 8 қазандық ұдайы жұмыс істеп тұруы керек. Бірақ биыл апат кезінде солардың бесеуі ғана іске қосулы болды. Жуырда тағы бірнеше қазандық жөнделеді. Құрылғанына былтыр 60 жыл болған жылу-электр стансасының бекітілген қуаттылығы электр энергиясы бойынша – 541 МВт, жылу энергиясы бойынша – 713 Гкал/сағ. Кәсіпорын басшылығы инвестициялық бағдарлама аясында құрал-жабдықтың біразы жаңартылғанын айтты.

Солтүстік Қазақстан облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бақыт Ілиясовтың айтуынша, былтыр жылу-электр стансасын жөндеп, қайта жаңғыртуға 3,7 миллиард теңге бағытталыпты. Бұл қаржыға 12 қазандық пен 7 турбоагрегат жөнделіпті. Солардың арасында биыл бірнеше рет істен шыққан №1, 5, 6, 7, 9, 12 қазандықтар да бар. Айта кету керек, №5, 7 қазандықтарды күрделі жөндеуге қыруар қаржы жұмсалған. Бірақ солардың өзі жарамсыз болып, қазір неліктен қайтадан жөнделіп жатыр деген сұрақ туындайды.

ИНВЕСТИЦИЯ ЖҰМСАЛҒАНЫ РАС ПА?

Кәсіпорын басшылығы әбден тозғандықтан ілдәлдалап тұрған құрал-жабдық та бар екенін жоққа шығармайды. Соның салдарынан кәсіпорынның қаншама жұмысшысы зардап шекті, көз жұмғандар да бар. Күні кеше апат салдарынан тағы бір жұмысшы көз жұмғанын хабарлаған болатынбыз.

Бақыт Ілиясовтың айтуынша, энергетиктер биыл кәсіпорынды жөндеу, қайта жаңғырту және жаңартуға 9,5 миллиард теңге жұмсамақ. Бұл қаржы да құрдымға кетіп, жөнделген қазандықтар ертең сынып қалмасына кім кепіл? Қызылжарлықтардың бағына қарай, биылғы қыс аса қытымыр емес, жайлы болып тұр. Әйтпеген күнде 90-жылдардағыдай қабырғаларына мұз қатар ма еді, қайтер еді? Қазір пәтерлер қоңыр салқын. Көпшіліктің бұған бойы үйреніп те алды.

«Апат болған кезде салқын пәтерлерде отырдық. Электр жылытқыштарын қосуға мәжбүр болдық. Ертең электр жарығы үшін еселенген төлемақы төлейміз. Монополистің ұпайы түгел. «Жапалақты таспен ұрса да, жапалақ өледі. Жапалақпен тасты ұрса да, жапалақ өледі» дегеннің кері. Зардап шегіп отырған – қарапайым тұтынушылар. Неліктен жылу үшін қайта есептеу жүргізбеске?» деген пікірін білдірді қала тұрғыны Торғын Қажымұратқызы.

Есесіне қалада құрылыс қарқыны да ұлғая түсті. Жаңадан салынып жатқан көпқабатты үйлерге жылу-электр стансасының қуаты жетеді дегенге тұрғындардың күмәні бар.

«Жылу және электр желілерінің қуатына қатысты мәселені бас жоспар бекітілген соң қарастыру керек. Бұл мәселені тиісінше зерттеп-зерделеп, қуаттылықты арттыруды немесе жаңа станса салуды ойластыру қажет. Бұл жұмысты атқаратын боламыз», – деп сендірді облыс әкімінің орынбасары Сәтжан Аблалиев.

«№2 жылу-электр орталығында апат болғанын, электр жарығы мен жылу беруде іркілістер болғанын көріп отырмыз. Сонымен қатар биыл қаржыландыру екі есеге артқанын да байқадық. Ендеше алдағы уақытта мұндай кемшіліктер болмайды деген үміт бар», – деді облыс әкімі Құмар Ақсақалов.

Лайым солай болғанын қалайтын петропавлдықтар да осы болжамға сенгісі келеді.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Есесіне қалада құрылыс қарқыны да ұлғая түсті. Жаңадан салынып жатқан көпқабатты үйлерге жылу-электр стансасының қуаты жетеді дегенге тұрғындардың күмәні бар.

Бейжің Олимпиадасы: жүлденің ауылы алыс секілді

Әлем назары Қытайдағы қысқы Олимпиада ойындарына ауды. Бейжің қаласында өтіп жатқан дүбірлі додада спортшыларымыз әзірге жүлдеге іліге алған жоқ.

Абылайхан ЖҰМАШ

МОГУЛШЫЛАР МЕДАЛЬСІЗ ҚАЛДЫ

Олимпиаданың алғашқы жарыс күнінде алдымен могулшыларымыз бақ сынады. Іріктеу кезеңінде Олеся Граур 57.18 ұпаймен 23-орынға, Аяулым Әміренова 66.82 ұпаймен 16-орынға тұрақтады. Ал Анастасия Городко жарысты аяқтай алмады. Екінші кезеңде де Аяулым Әміренова мен Олеся Граур бірінші іріктеудегі нәтижесін жақсарта алмай, жарысты аяқтады. 16 жастағы Анастасия Городконың финалға өтуіне аз ғана ұпай жетпей қалды. Екінші іріктеуде ол 11-орынмен шектелді. Бірінші іріктеуге қатыса алмаған Юлия Галышева финалдық кезеңде бақ сынады. Бірақ суперфиналға берілер жолдама сарапқа салынған кезде Галышева сәтсіз өнер көрсетті.

Фристайл-могулдан ерлер арасындағы бірінші іріктеу сайысында қазақстандық спортшылар алғашқы ондыққа ене алмады. Дмитрий Рейхерд 75.43 ұпаймен 12-орын алды. Павел Колмаков 74.09 ұпаймен 17-орынды қанағат тұтты. Екінші іріктеу сайысында осы спорт түрінен Қазақстан құрамасының көшбасшысы Дмитрий Рейхерд 76,77 ұпаймен сегізінші орынға табан тіреп, финалға бір қадам жетпей қалды. Ең өкініштісі, 17 жасынан бастап 5 рет қысқы Олимпиадада бақ сынаған Рейхерд бұл жолы да сенім үдесінен шыға алмады. Отандық мамандар медаль алады деп топшылаған еліміздегі үздік спортшылардың бірі, әлем кубогының күміс жүлдегері Павел Колмаков та жүлдеден тыс қалды. Ол екінші іріктеу сайысында 11-орын (69,54) алды. Осылайша қазақстандық могулшыларға Бейжінде медаль алу бақыты бұйырмады.

ШАҢҒЫШЫЛАРДЫҢ ДА НӘТИЖЕСІ ТӨМЕН

Шаңғымен трамплиннен секіру спорты бойынша Қазақстан құрамасынан екі спортшы жарыс жолына шықты. Ерлер арасында орташа трамплинде өткен додаға Сергей Ткаченко мен Данил Васильев қатысты. Бірінші айналымда қос қазақстандық атлет те келесі айналымға жолдама алды. Сергей Ткаченконың алғашқы жатығуы 43.1 ұпаймен бағаланса, Данил Васильев 46.2 ұпайына ие болды. Алайда қос спортшымыз финалдық кезеңге жолдама берер сайыста 30 спортшының тізімінен тыс қалды. Данил Васильев 46-шы, Сергей Ткаченко 41-ші нәтиже көрсетті.

Бейжің Олимпиадасында шаңғымен жарысудан ерлер арасындағы скиатлон (15 шақырым классикалық әдіс + 15 шақырым еркін әдіс) бәсекесі аяқталды. 30 шақырымға созылған жарысқа Қазақстан атынан екі шаңғышы қатысқан болатын. Қазақстандық Виталий Пухкало төрт жыл бұрынғы нәтижесін қайталап, 32-орынға тұрақтады. Ол жеңімпаздан 7 минут 35 секундқа қалып қойды. Тағы бір спортшымыз Евгений Величко жарысты аяқтай алмады.

Әйелдер арасында скиатлоннан қазақстандықтардан (классикалық стильде 7,5 шақырым + еркін стильде 7,5 шақырым) төрт шаңғышы өнер көрсетті. Ксения Шалыгина 48-ші (50:37,7), Ангелина Шурыга – 49-шы (50:55,3), Валерия Тюленева – 51-ші (51:30,8), Надежда Степашкина – 58-ші (53:35,3) болып мәреге келді. Айта кетерлігі, аталған санат бойынша жарыс жолына барлығы 65 спортшы шықты.

ІЗ КЕСУ ЖАРЫСЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қазақстандық биатлоншы Галина Вишневская-Шепоренко Бейжің Олимпиадасындағы жекелей сында өнер көрсетті. Ол ату кезінде бір рет қателесіп, қорытынды есепте 44-орын алды. Осы нәтижесінің арқасында із кесу жарысына жолдама алған 60 спортшының қатарына енді. Жарысқа жалпы есебі 86 спортшы қатысқанын айта кеткен жөн. Бұл жарыс Қазақстанға бұрын медаль сыйлаған. 2010 жылы Ванкувердегі Олимпиадада Елена Хрусталева жекелей жарыста күміс медаль алған еді.

10 МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫНА ИЕ БОЛДЫ

Олимпиада ойындарында шорт-тректен 1 000 м қашықтық бойынша жарыс мәресіне жетті. Аталған санат бойынша Қазақстан құрамасынан Әділ Ғалиахметов қатысты. Бұл кезеңде спортшымыз Ли Чун Су (Оңтүстік Корея), Паскалем Дион (Канада) және Владислав Быкановпен (Израиль) сынға түсті. Топтық кезең нәтижесінде Әділ тиісті қашықтықты 1:24:855 уақытта бағындырып, өз тобында үшінші болды. Отандасымыздың бұл көрсеткіші келесі кезеңге өтуге жарамады.

Бейжіндегі бесінші жарыс күнінде Қазақстан құрамасының сапындағы алғашқы ақшалай жүлдегерлер анықталды. Шорт-тректен жұбаныш финалында қазақстандықтар бесінші-алтыншы орындар үшін болған сайыста Нидерланд өкілдеріне есе жіберді. Алайда негізгі финалда Канада құрамасының шеттетілуіне байланысты Нидерланд төртінші, Қазақстан бесінші орынға көтерілді. Осылайша, шорт-тректен аралас эстафетада Абзал Әжіғалиев, Денис Никиша, Ольга Тихонова және Яна Хан бесінші нәтиже көрсетті. Олардың әрқайсысы 10 мың АҚШ доллардан сыйақы алады.

Қос қашықтықта жүлде ала алмады

Әйелдер арасында конькимен жүгіруде Екатерина Айдова мен Надежда Морозова жарыс жолына шықты. Морозова 3 000 метр қашықтықты 4:04.97 уақытта жүгіріп өтіп, 30 спортшының арасында 13-орын алды. Ал 1 500 метрге жүгіруде әйелдер арасында Надежда Морозова 14-ші, Екатерина Айдова 18-ші болып, мәре сызығын кесті. Өкінішке қарай, бұл көрсеткіш отандастарымыздың жүлдегерлер қатарынан көрінуіне жеткілікті болмады.

ҮШ СПОРТ ТҮРІНЕН ЖАРЫС ЖОЛЫНА ШЫҒАДЫ

Бейжіндегі Олимпиада ойындарының сегізінші жарыс күнінде қазақстандықтар үш спорт түрінен жарыс жолына шығады. Шаңғышылар еркін стильдегі жекелей спринтке қатысады. Евгений Величко мен Виталий Пухкало өнер көрсетеді. Ал әйелдер арасында Надежда Степашкина, Ксения Шалыгина, Ангелина Шурыга, Ирина Быкова сынға түседі. Одан бөлек, екі биатлоншымыз Александр Мухин мен Владислав Киреев жекелей жарысқа қатысады. Конькимен жүгіруде Дмитрий Морозов 1 500 метр қашықтықта ел намысын қорғайды. Сонымен қатар шайбалы хоккейден әйелдер арасындағы турнир жалғасады. Мұнымен қоса керлингтегі аралас жұп жарысында жүлделер сарапқа салынады, әйелдер арасындағы шана жарысы, ерлер арасында мәнерлеп сырғанау, сноуборд жарыстары өтеді.

ATP турнирінде жеңіске жетті

Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик Монпелье қаласында өткен ATP 250 Open Sud de France турнирінің жеңімпазы атанды.

Турнирдің бірінші, әлемнің үшінші ракеткасы германиялық Александр Зверевпен өткен тартысты матчта Бублик 6:4, 6:3 есебімен жеңіске жетті. Бұл – қазақстандық теннисшінің мансабындағы ATP 250 сериясындағы жарыста иеленген алғашқы жүлде. Бұған дейін ол төрт финалда жеңіліп қалған.

Осы жетістігінен соң Александр Бублик жаңартылған рейтингіде 31-орынға көтерілді. Бұл – отандасымыздың мансабындағы ең үздік көрсеткіш.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Біржан – үздік сұрмерген

Футзалдан EURO-2022 турнирі аяқталды. Құрлықтық доп додасының финалында Португалия құрамасы Ресейді 4:2 есебімен жеңіп, жарыс жеңімпазы атанды.

Ал үшінші орын үшін өткен ойында Испания құрамасы Украинадан үш доп айырмасымен (4:1) басым түсті. Ширек финалда Қазақстан құрамасы дәл осы Украинаға есе жіберген болатын.

Нидерландта өткен доп додасында қазақстандық ойыншы Біржан Оразов үздік сұрмерген атанды. Қазақстандық ойыншы 4 ойында 7 гол соғып, 2 нәтижелі пас берді. Сұрмергендер тізімінде екінші орын алған ресейлік үш ойыншы – Антошкин, Чишкала және Соколовтың еншісінде 5 голдан бар.

Әбілмансұр ЖАСАН

Қарағанды тұншығып тұр

Қарағанды облысындағы басты мәселенің бірі – көк түтін. Қарағанды қаласында өткен аптада қою қара түтін қаптады. Анығында, тұрғындар түтінге тұншыққандарын айтып, тиісті мекемеге шағымданған еді. Жұма күні Қарағанды облыстық Экология департаменті қаладағы бірнеше ауданда болып, мониторинг жүргізген болатын.

Иә, қалада қолайсыз метеорологиялық жағдайлар барын «Қазгидромет» мекемесі де растаған. Ауаның ластану себебінің анықканын білу үшін дәл осы мекеме сынама алған.

Экологтер тексеріс нәтижесінде Михайловка, Оңтүстік-Шығыс және қала орталығында көміртегі оксидінің шамадан тыс артық мөлшерін анықтады.

– Пештен шыққан түтінді атмосферада таралмайды деп қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ қаламызда көлік қозғалысы көп. Солардың түтіндері жер бетіне шоғырланып қалады. Мұны өлшемдер растайды. Өйткені күйе мен көміртегі (CO) оксиді көмірді, органикалық отынды жағу кезінде пайда болады, – дейді облыстық Экология департаментінің бас маманы Римма Рахымбекова.

Сондай-ақ Экология департаментінің өкілдері Теміртауда зиянды заттардың артық мөлшерін анықтаған жоқ. Ал әсілінде төбесі түтіннен арылмайтын металлургтер қаласы елдегі ауасы лас қалалардың қатарында.

Жылжымалы зертхана қаладағы біраз аймақты аралаған соң, Теміртауға барып, Фурманов көшесіндегі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ меткомбинатының жанына аялдап, ауаны зерттеді.

«Аспаптық өлшеулерді санитарлық қорғау аймағында, сондай-ақ атмосфералық ауаны өлшедік. Алдын ала мәліметтер бойынша, Теміртау қаласындағы барлық ластаушы заттар норма шегінде тұр. Ауадағы заттардың деңгейін «Газоанализатор ГАНК-4» деп аталатын арнайы препаратпен анықтадық. Ауаны 16 позиция бойынша зерттедік. Аммиак, шаң және тағы басқа да көрсеткіштер бойынша алынды», – дейді эколог Римма Рахымбекова.

Экологтер мұндай жұмыстардың әлі де жалғасатынын, экологиялық ахуалға бақылаудың күшейтілгенін айтады.

ГАЗ БАҒАСЫ АРЗАН БОЛҒАНЫМЕН, ОРНАТУЫ ҚЫМБАТ

Қарағанды және Теміртау, Жезқазған қалаларында тұрғын үйлер «Сарыарқа» магистралдық газ құбырының арқасында «көгілдір отынға» қосылды.

Осы үш қаланың 3 мың үйіне газ жеткізілді. Тариф те бекітілді. Бірақ газ жеткізілгенімен қосылатындардың саны аз.

Өйткені үйіне газ орнату үшін 800 мың теңге көлемінде қаражат керек. Мұндай қомақты қаржы әркімде бола бермесі анық.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының директоры Талғат Қызылбаевтың айтуынша, қазір облыста 125 шақырым газ құбыры тартылған екен.

Тығырықтан шығу жолын атаған Талғат Қызылбаев «алдағы уақытта банктермен бірлесе отырып, тұрғындардың үйіне газ енгізудің қаржылық мәселесін шешу келісіліп жатыр» дейді.

Ал алдағы уақытта өңірдегі ірі кәсіпорындарды да біртіндеп газға қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, Теміртаудағы алып метал-лургиялық комбинат жарқын болашақта газға көшеді. Бұл ауаға жіберілетін зиянды қалдықтардың көлемін отыз пайызға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫСЫ – 585 МЫҢ ТОННА

Мамандар ауаның ластануын ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар, жеке тұрғын секторының шығарындылары, автокөлік пен қоқыс полигондарымен байланыстырады. Қарағанды облысының қалаларында ластаушы заттар шығарындыларының негізгі үлесі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардан келеді.

Облыстық Экология департаментінің мәліметіне сәйкес, атмосфераға ластаушы заттардың нақты шығарындылары 585 мың тонна болған. Мемлекеттік органдар жергілікті жұртшылықпен бірлесіп, Қарағанды облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2020-2024 жылдарға арналған Жол картасын бекітті. Аталған жобамен 57 іс-шара бекітілген, сондай-ақ атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын экологиялық тиімділікпен 86 152,5 тоннаға төмендету бойынша 25 іс-шараны жүзеге асыруды көздеп отыр.

Облыстың экологиялық жағдайын жақсарту үшін дайындалған Жол картасында ауаға шығарындыларды азайту, экологиялық мониторингті күшейтуге басымдық берілген. «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнында қазандық және газ тазалау жабдығын қайта жаңарту, әк күйдіру цехын Теміртау қаласынан тыс шығару және Жезқазған қаласында «Қазақмыс» кәсіпорнының жаңа күкірт қышқылы цехын салу жоспарланған. Бұл шаралар қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге мүмкіндік береді.

ЭКОЛОГТЕР «ҮШ ҚАЛАҒА ҒАНА МӘН БЕРГЕН» ДЕЙДІ

Жол картасында облыстың тек үш қаласының ахуалына ғана мән берілген. Мәселен, бүгінгі таңда Абай, Қарағанды, Қаражал, Қаркаралы, Приозерск, Саран, Сәтпаев, Шахтинск қалаларының да экологиялық мәселелері аз емес. Өңірдегі ірі көмір шахталары мен зауыттар аталған қалаларда орналасқан. Алайда өңірдің бұл өндірістік қалалары мен елді мекендері Жол картасына кірмей қалған.

«Негізгі шығарындылар Теміртаудың өнеркәсіптік нысандарымен шығарылып отыр. Тек қана «Арселор Миттал Теміртау» АҚ шығарындылардың 87,7 пайызы тиесілі. Неге жол картасына тек Жезқазған, Балқаш, Теміртау қалалары ғана енді, бұл мәселе көптеген қоғам белсенділерін толғандырады. Өйткені Қарағандыдан басқа, облыстың басқа қалалары да, ауа сапасына қатысты жағдайды өзгертуді талап етеді», – деді эколог Ирина Игнатович.

Әрине, әр қаланың ауасының тазалығы денсаулықты да жақсартады. Былтыр келген газға халықтың аз қосылуы, қыстық отынды алып қоюында деп түсіндірді мамандар. Алдағы жылы қалай болатынын уақыт көрсетеді...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

NUR MEDIA
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ**
Бас редактор – **Нұрмұхамед БАЙҒАРА**
Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ – Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8 (777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4070
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

- **Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.**
- **Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.**
- **Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.**
- **«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.**

Кезекші редактор – Мейірім БАҚЫТЖАНОВА